



**«Абай атындағы Қарағанды облыстық
балалар кітапханасы» КММ 2019 жылғы
қызметіне талдау**

Қарағанды 2019

МАЗМҰНЫ

	Түйіндеме.....	4
I.	Кітапхана жұмысының міндеттері мен бағыттары.....	6
II.	Кітапхананың негізгі бақылау көрсеткіштері	6
III.	Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру Кітапхана жарнамасы	8
IV.	Әдебиеттерді танымал етудің бағыттары мен нысандары, оқырмандық қызығушылықтарды зерделеу және қалыптастыру	9
	Клуб, үйірмелер жұмысы	11
	Ата-аналармен жұмыс	12
V.	Көпшілік жұмыс	13
	Әдебиетті кеңінен танымал ету.....	18
	Экологиялық тәрбие	27
	Құқықтық тәрбие.....	28
	Жоба бойынша жұмыс.....	29
VI.	Кітап қорын және каталогтарын қалыптастыру және ұйымдастыру.....	32
VII.	Анықтамалық-библиографиялық жұмыс .	35
VIII	Ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы	38
IX.	Кітапханалық –библиографиялық үрдістерді автоматтандыру	40
X.	Кітапхананы басқару. Еңбекті ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс	42
XI	Материалдық-техникалық база	46
	Проблемалар. Міндеттер	47

ТҮЙІНДЕМЕ

2019 жыл ішінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. Кітапхана жұмыстың негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін ұстанды.

Есепті кезеңде кітапхана қорына **2719** басылым, оның ішінде **1160** данасы қазақ тілінде түсті. 01.01.2020 жылға кітапхананың кітап қоры **134653** дананы, оның ішінде қазақ тілінде **29696** дана.

Оқырмандарға қызмет көрсету олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Жеке жұмыстарды қолдану оқырмандардың өтініштерін толығымен қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Кітапханада бұқаралық іс-шараларды өткізуде педагогика негіздері қолданылды: ойын түрлері, көрнекілік, танымдық. Кітапхана қызметкерлері жұмыстың дәстүрлі және жана нысандарын: байқаулар, викториналар, таныстырылымдарды қолданады. Іс-шаралар өткізу барысында слайдтар мен бейнероликтер көрсетіледі.

Кітапхана жұмысында терроризм мен экстремизмнің және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға, салауатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөлінеді. Кітапхананың оқырмандары мен қызметкерлері үшін де тиісті іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі.

Кітапхананың өткізілген іс-шаралар қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге; оқырман балалардың әдебиетке, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыруға; балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға; оқу үрдісіне көмектесуге бағытталған.

Кітапхана мектепке дейінгі жастағы балалармен, бірінші кезекте, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың балаларымен жұмысқа ерекше назар аударады. Бұқаралық жұмысты өткізу барысында балалардың шығармашылық ұжымдары, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, журналистер тартылады.

Үйірме және клуб жұмысы жалғастырылды. Кітапхананың оқырман балаларының ата-аналарымен жұмысы отбасылық оқу дәстүрлерін жандандыру бағытталған.

«Жетістік формуласы» бенефис-шоу жобасы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауына ие болып, тележоба нұсқасына ауысты. Жылдық есеп кезінде "SARYARQA" телеарнасында 8 телетүсірілім өтті.

Балалардың ойлау жүйесін дамытып, ұлттық болмысты, бабалар рухы мен қоршаған кеңістікті толықтай сезініп өсулері мақсатында «Киіз үй» этноконструкторы алынған. Қала мектептерінің оқу орнындағы ұстаздары мен оқушылары үшін ұлттық құндылықтарымызды жандандыру мақсатында «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру тренингі өткізілді.

Кітапхананың инновациялық-әдістемелік бөлімінің мамандары мамыр айында Жаңаарқа аудандық ОКЖ С.Сейфуллин атындағы орталық аудандық кітапхананың базасында «Оқуды қолдаудағы тиімді коммуникациялар» тақырыбында облыстық көшпелі семинар өткізілді. Сондай-ақ қыркүйек айында балаларға қызмет көрсететін ауылдық кітапханашыларға арналған Қарқаралы ОКЖ ОАБК базасында «Ауылдық балалар кітапханасы жағдайында көрсетілетін кітапхана қызметін дамыту» атты облыстық семинар өткізілді.

Мерзімді басылымдардағы кітапхана қызметін жайлы жарияламдар кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. 2019 жылы кітапхана 40 материал жарияланды: оның ішінде кітапхана қызметі туралы 29 мақала (11 мақала қазақ тілінде және 18 мақала орыс тілінде) 11 ТВ сюжет (5 сюжет қазақ тілінде, 6 сюжет орыс тілінде), «Новое телевидение», «Сәтті күн» бағдарламасы және «SARYARQA» телеарнасы «Уақыт kz», «Сөз сұраймыз» бағдарламасында жарыққа шықты. Мақалалар республикалық «Дружные ребята», «Ұлан» облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» гезеттерінде, ekaraganda.kz, nv.kz, avitrek.krg электронды басылымда, ал бейнесюжеттер «SARYARQA», «Новое телевидение» жаңалықтар порталында жарияланды.

Кітапханада компьютерлік технологиялар мен интернетті кеңінен қолдану жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етеді. Кітапхана сайтында кітапхана жаңалықтары бар, кітапхананың жұмыс жоспарлары туралы ақпарат беріледі. Кітапхананың сайтында «JivoSite» v3.05.3 онлайн-кеңесшісі бар, сайттың пайдаланушыларының онлайн тәртіпте кітапхана операторларына сұрақ қою мүмкіндіктері бар. Сайттың мазмұны біраз кеңейіп, тартымды болды. Пайдаланушылар үшін электрондық қызметтер қолжетімді: онлайн - ұзарту, виртуалды анықтама, онлайн-кеңесші, басшыға сұрақ. Әлеуметтік желіде жұмыс жасалды. Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілерінде кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар қойылып отырды.

I. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

- ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының бағыттарын жүзеге асыру;
- ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауын түсіндіру;
- Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында кітапхана жұмысын күшейту;
- оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
- ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- оқырмандарды Қазақстан әдебиетіне, тарихына және мәдениетіне қызығушылыққа баулу;
- жоғары адамгершілік, дені сау, шығармашылық ойлау қабілеті бар тұлғаны тәрбиелеу;
- қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
- жұмыста жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;
- әдебиетті танымал етуде электронды ресурстарды қолдану

II. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ


сандық көрсеткіштер	2018 жылға жоспар	2018 жылы орындалған	%	2019 жылға жоспар	2019 жылы орындалғаны	%
Оқырмандар саны	12000	12426	100	12000	12427	100
Оның ішінде пайдаланушылар	7000	7070	100	7000	7105	100
Келулер саны	120000	120117	100	120000	120119	100
Кітап берілімінің саны	240000	240022	100	240000	240024	100

Пайдаланушылар –**7105**;

Электронды құжаттарды беру-**50020**

с.і- CD-дискі -**852**.

Үш жылдың ішінде оқырман саны артты. Кітапханада оқырманға арналған барлық жағдай жасалды. Оқырманды кітап оқуға тарту үшін әртүрлі үйірмелер жұмыс жасайды. 2017 жылғы оқырман саны 12041 болса, 2019 жылы оқырман саны 12427 болып, 386 бірлікке өсті.



№	Іс-шаралар	2018 жылға жоспар	2018 жылы орындалғаны	%	2019 жылға жоспар	2019 жылы орындалғаны	%
1.	Кітап көрмелері	23	23	100	23	31	100
2.	Көпшілік іс-шаралары	55	101	100	55	134	100
3.	Семинарлар	2	2	100	2	2	100
4.	Тұсаукесер-таныстырылымдар	2	2	100	-	1	100
5.	Әдістемелік басылымдар	6	6	100	7	7	100
6.	Web конференция (телекөпір)	2	2		1	4	100
7.	Электронды көрсетілетін қызметті пайдаланушылар саны	7000	7070	100	7000	7105	100

Бюджеттік қаржыландыру

2019 жылы кітаптар сатып алуға бюджеттен 3000000 теңге бөлінді.

Толықтыру көздері

Мазмұны	2019 жылы орындалғаны	саны (дн.)	қазақ тіліндегі саны
Бюджеттік толықтыру	2 999 999,17	1560	491
Мемлекеттік тапсырыс (Н.В.Гоголь атындағы ОӘФК)	338 593,98	121	110
Сыйға	131 580,00	198	90
«Қазпошта» АҚ	671 698,86		-
Барлығы:	4 141 872,01	1879	691

Есепті кезеңде түскен әдебиеттер:

Есепті кезеңде кітап қорын толықтыруға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша **300 000,00** теңге бөлінді. Жинақтау 11 дереккөзден жүзеге асырылды (А. Ермеков" ЖШС, "Деловая литература" ЖШС, "Хан"ЖК , «А. А. Цой» ЖК, «Восточный Bazar» ЖК, «Даму» ЖШС, «Big Dream» ЖШС, «Alibek TRADE» ЖШС, «Жаматова Г.Ш.» ЖК, «Меломан» ЖШС, «Академия Инновационных Интеллектуальных технологий» ЖШС).

Кітап сауда ұйымдарынан **1560** дана кітап (с.і.қазақ тілінде **491** дана) 2 999 999,17тг; Мемлекеттік тапсырыс бойынша **121** дана(с.і. қазақ тілінде **110** дана) 338 593,98тг.

Сыйлыққа **198** дана (с.і.қазақ тілінде **90** дана) 131 580,00 тг сомаға басылымдар түсті.

Мерзімді басылымдардың түскені: "Қазпошта" АҚ арқылы 2019 жылдың ІІ-ші жартыжылдығына **248938,24** мың теңге сомасына **20** атаудағы мерзімді басылымдарға және 2020 жылдың І-ші жартыжылдығына **422760,62** мың теңге сомасына саны **57** атауға мерзімді басылымдарға жазылды.

III. ОҚЫРМАНДАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КІТАПХАНА ЖАРНАМАСЫ

Кітапхана 2019 жылы кітапхана қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарына сәйкес жұмысын жалғастырды. Оқырман-балаларға қызмет көрсету кезінде баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері ескеріледі. Жұмыста ақпараттық ресурстарды және электрондық тасымалдағыштардағы ақпаратты пайдалану кітапханаға жаңа оқырмандарды тартуға мүмкіндік береді. Бұқаралық іс-шаралар педагогика негіздерін ойын түрінде өткізуді, көрнекілікті, танымдық ойындарды, әр баланың өткізілетін іс-шараның тікелей қатысушысы болуына жағдай жасау түрлерін қолдану арқылы жүргізілді. Бұқаралық іс-шаралар құқықтық және экологиялық білімді насихаттайды, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, баланың адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге ықпал етеді; оқырмандардың Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын тудырып, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұқаралық іс-шараларды өткізу барысында қаланың және облыстың балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының балаларына ерекше назар аударылады.

Мерзімді басылымдарда кітапхана қызметін жандандыру – кітапхана имиджін көтеруге себепкер болады. 2018 жылы 40 материал жарияланды: оның ішінде кітапхана қызметі туралы 29 мақала (11 мақала қазақ тілінде және 18 мақала орыс тілінде) 11 ТВ сюжет (5 сюжет қазақ тілінде, 6 сюжет орыс тілінде), «Новое телевидение», «Сәтті күн» бағдарламасы және «SARYARQA» телеарнасы «Уақыт.kz», «Сөз сұраймыз» бағдарламасында жарыққа шықты. Мақалалар республикалық «Дружные ребята», «Ұлан», облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» гезеттерінде, ekaraganda.kz, nv.kz, avitrek.krg электронды басылымдарында, ал бейнесюжеттер «SARYARQA», «Новое телевидение» жаңалықтар порталында жарияланды.



Кесте – қазақ халқының қолөнерінің ерекше бір түрі. Кітапханашы Ж.Зейкенова және үйірме мүшесі «Ә. Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ» КММ 7 сынып оқушысы И.Серіктің қатысуымен «Новое телевидение» телеарнасындағы «Сәтті күн» бағдарламасына радиодан тікелей эфирге шыға отырып ұлттық кесте тоқу жөніндегі «Free Style» арт-студиясының шығармашылық сабақтарына телебағдарламасының түсірілімі болды. Көрермендер мен радио тыңдаушыларына арт-студиясының жетекшісі үйірменің қызметі туралы баяндады, кергіштерді пайдалана отырып әр түрлі жібтерден кесте тігіп көрсетті.



«Кітап – рухани байлық» тақырыбында Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының басшысы Б.Уатаева «Уақыт.kz» бағдарламасына қатысып тілші Ә.Тойжігітовпен сұхбаттасты.

2019 жылы «Жетістік формуласы» бенефис шоу жобасы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауына ие болып, тележоба нұсқасына ауысты. Есептік кезінде "SARYARQA" телеарнасында 8 телетүсірілім өтті. Эфирге қазақ тілінде 2 және орыс тілінде 6 бағдарлама шықты.

«SARYARQA» телеарнасында «Жетістік формуласы» бағдарламасы 24 рет көрсетілді. Instagram, Facebook, Вконтакте әлеуметтік желілерінде, кітапхана сайтында (www.odbabai.kz) «SARYARQA» телеарнасының www.kartv.kz сайтында және әлеуметтік желілерінің беттерінде жарық көрді.

IV. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАНЫМАЛ ЕТУДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ, ОҚЫРМАНДАРДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапхана мүмкіндіктерін кеңейту және беделін қалыптастыру үшін қаладағы ЖББОМ және гимназиялардың оқушыларына, балабақша бүлдіршіндеріне, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері арналған экскурсиялар өткізілді. Экскурсия барысында балалар кітапханаға жазылу ережесімен, кітапхана кестесімен танысады. Бөлім қызметкерлері кітап қоры мен мерзімді басылымдар туралы, кітапханада өткізілетін іс-шаралар туралы әңгімелейді.

Кітапхананың жұмысында жаңа оқырмандарды, әсіресе мектепке дейінгі жастағы балаларды кітапханаға тартуға мүмкіндік беретін театрландырылған нысандағы іс-шаралар кеңінен қолданады.


Кітапхана қаланың және облыстың қоғамдық және мемлекеттік мекемелерімен: музейлермен, мектептен тыс ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Есепті кезеңде кітапхана оқырмандары үшін 24 экскурсия өткізілді. Балалар кітапхананың тарихымен, бөлімдердің қызметтерімен танысып, электронды каталогты пайдалануды үйренді. Барлық қатысқан адам саны-918.

Экскурсиялар тақырыбы: «Здравствуй, город Книгоград», «Заманауи кітапханаға саяхат» және т.б. Қала мектептері оқушыларымен «Здравствуй, город Книгоград» атты қызықты және танымды экскурсия барысында балалар кітапхана туралы, кітапханада қандай кітаптар мен мерзімді басылымдар сақталатынын, сондай-ақ кітапты және кітапхананы пайдалану ережелерімен танысты. Олар кітапхананың ең қызықты залдарын қарап шықты, кітапханадағы әртүрлі кітаптар, альбомдар, журналдарды қызыға парақтады, «Күншуақ» залында болып, көрмелермен танысты, қызығушылықтар бойынша үйірмелердің, алаңдар мен студиялардың жұмысы туралы білді.

Есептік кезеңде біздің кітапханаға Оңтүстік Кореяның студенттері қонаққа келді. Кітапханашылар жігіттер мен қыздарға кітапхана бөлімдеріне экскурсия жасады, әртүрлі жастағы оқырмандарға арналған ерекше залдарды көрсетті, кітапхананың қорындағы ең қызықты интерактивті кітаптарын көрсетті және кітапхананың сайтымен таныстырды. Оларға балалар кітапханасы мен қазақ ақыны, аудармашы, композитор А. Құнанбаев туралы білу өте қызықты болды. Жас мамандар мен шетелдік қонақтар арасында қызықты, жағымды сұхбат өтті. Қонақтар біздің кітапханамызға тәнті болды.

Кітапхана қызметкерлері **«Заманауи кітапханаға бару»** экскурсиясын № 38 гимназия, №101 мектеп-лицейнің 5 сынып оқушылары және Қарағанды сән колледжінің студенттері үшін өткізіп, барлық қызмет көрсету бөлімдерін аралады. Балалар мен студенттер кітапхана тарихы туралы, кітапхананы пайдалану ережелері туралы, кітапхананың жаңа мүмкіндіктері және заманауи қызметтері туралы білді.

Кітапханашылар экскурсия барысында кітапхананың кітап көрмелеріне олардың ерекше назарын аударды. Балаларға биылғы жылы мерейтойлары атап өгілетін Қарағанды облысының тұлғалары туралы **«Туған өлке – тұнған тарих»** тарихи-өлкетану көрмесі ұсынылды, олар: академик, геолог, ғылым қайраткері Қ.Сәтбаевтың 120 жылдығы, жазушы С.Ерубаеттың 105 жылдығы, Ұлы Отан соғысының батыры Н.Әбдіровтің 100 жылдығы, жазушы С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған кітаптармен танысты. Сонымен қатар,



балалар үшін Қарағанды қаласының 85 жылдығына арналған **«Қарағанды Сарыарқаның қазынасы»** кітап көрмесінің шолуы өткізілді. Қарағанды сән колледжінің студенттері үшін «Студентке көмек» тақырыптық көрмесін ұйымдастырды. Болашақ дизайнерлерге, шаштараздарға, модельерлерге түрлі стильдер мен түстер туралы кітаптар мен альбомдар ұсынылды.

Іс-шараға қатысушыларға кітапханада қызмет көрсету үдерістеріндегі өзгерістерге ықпал ететін жаңа технологиялар белсенді пайдаланылатыны туралы, одан ақпарат беруде жаңа мүмкіндіктердің, жаңадан көрсетілетін қызметтердің (Wi-Fi, виртуалды анықтама, JivoSite) туралы әңгімеленді.

«Сен біздің бірінші оқырман» - кітапхана акциясы

2019 жылғы 3 қаңтарда кітапхананың қайта тіркелген алғашқы әр оқырманына **«2019 жылғы алғашқы оқырман»** естелік медалы мен шағын сыйлықтар табыс етілді.

Оны Мария Терехова, Дамира Турмухамбетова, Елизавета Бондарь, Айдар Дәрібай, Данил Терехов, Милана Сухорукова, Ксения Малюк, Мадия Султанова және тағы басқалар алды.

Оқырмандар оқыған кітаптары туралы **«Оқылған кітаптар туралы пікірлер»** дәптерінде тұрақты түрде пікірлерін жазып қалдырады. Кітапханашылар бұл дәптер бойынша оқырмандардың қызығушылығын және олардың нені ұнататындарын талдайды.

Есеп беру кезеңінде балалар Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», Д.Донцованың «Покер с акулой», О.Бөкейдің «Қар қызы», С.Шелдонның «Звезды светят вниз», Н.Щербаның «Лунастры», А.Нұрмановтың «Құланның ажалы», Ж.Остеннің «Гордость и предубеждение», Х.Муракамидің «Призраки Лексингтона», А.Беляевтың «Голова профессора Доуэля», А.Платоновтың «Умная внучка», Ж.Уилсонның «Вечеринка с ночевкой», М.Бондтың М. «Медвежонок Паддингтон», К.Алвестің «Два миллиона сокровищ», Т.Жексенбайдың «Бал бұлақ», Қ.Омарұлының «Бала-балапандар» кітаптарын атады.

Кітапханада қорда жетіспейтін әдебиеттермен уақытында толықтыруға мүмкіндік беретін бас тартуларға тұрақты талдау, бас тарту дәптері жүргізіледі. Бас тартулар себептері бойынша, әр құжаттың атауы және олардың жалпы саны бойынша әртүрлі аспектілер ескеріледі. Бас тартулар туралы деректер кітапхана қорын тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Қордың сақталуын және кітаптардың уақтылы қайтарылуын қамтамасыз ету үшін, борышкерлермен жеке жұмыс жүргізуден басқа (телефон қоңыраулары, кітапханаға барған кездегі әңгімелер), мамыр және желтоқсан айларында **«Оқырман, кітапты қайтаруды ұмытпа!»** акциясы өткізілді, оның мақсаты борышкерлердің қолындағы кітаптары туралы еске түсіру және кітапханаға бару туралы еске салу. Акция барысында балалар кітаптарды белсенді түрде қайтарыды.



Пайдаланушыларды көптеп тарту және кітаптарды, оқуды және кітапхананы кеңінен танымал ету үшін 5-ші қыркүйекте Қазақстан халқы тілдер күніне **Ашық есік** күні өткізілді. Ашық есік күні – бұл заманауи кітапханаға барып, өз көзіңмен онда не болып жатқанын көру, жетістіктерді бағалау, өзінді қызықтыратын сұрақтар қою. Іс-шараға мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты, №13, 22, 25, 33, 60 ЖББОМ; №35 Ю.Н.Павлова атындағы ЖББОМ, №53ЖББМЛ-нің оқушылары келді.

Бұл күні біздің қала мектептерінің 100- ден астам оқушысы кітапхананың қонағы болды. Жыл сайын дәстүрлі бұл іс-шара кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту және кітапханалық қызметтермен таныстыру мақсатында өтеді. Кітапхана қызметкерлері оқушыларға оқу залдарын көрсетіп саяхат өткізіп, кітапхананың кітап қорымен таныстырып, кітап көрмелеріне шолу жасады. Орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің оқу залында 5 бөлімнен тұратын кітап көрмесі ұйымдастырылды: «Ұлтымыздың ұстазы – Ахмет Байтұрсынов», «Ана тілі – әр қазақтың айыны!» , «Ұстаз мәртебесі-ұлт

мұраты», «Мировые языки», «Бір ел – бір кітап» атты бөлімдеріне шолу жасалды. Балалар интеллектуалды сайыстарға – әдеби викторинаға қатысып, тілдерді жақсы білетіндерін көрсетті және әлемнің 15 тілінде сөйлейтін "рахмет" сөзін есте қалдырды. Шара нәтижесінде 40 жаңа оқырман кітапханаға жазылды.

Үйірме, клуб жұмысы

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар «Шуақ» балалар шығармашылық студиясына қатысады. Балалар шығармашылық студиясы жұмысының басты міндеті - әртүрлі шығармашылық-еңбек түрлерін қолдана отырып әдеби бейнелерді жасау арқылы балаларды оқуға тарту, баланың ой-өрісін кеңейту. Студия қызметінің мазмұны 4-9 жас аралығындағы балаларға арналған басылымдар материалдарының («Айгөлек», «Коллекция идей», «Винни Пух», «Читаем, учимся, играем», интернет сайттар) көмегімен жүзеге асырылады. Әр апта сайын балалар ата-аналармен немесе ересек туысқандарымен әдеби шығармамен танысып, қолдан бұйымдар жасауды үйрену үшін үйірме сабақтарына қатысады. Әрбір сабақ шығарманы дауыстап оқумен басталады, содан кейін автор туралы сұхбат жүргізіледі. Балалар кітапханашының басшылығымен түрлі-түсті қағаздан және басқа да материалдардан қолөнер бұйымдарын жасайды. Үйірме жұмысында әртүрлі материал: мақта дискілері, салфеткалар, түрлі түсті картон, жібек жіптер, ермексаз, жармалар, гуашь, акварель және т.б. қолданылады.



Оқырмандардың жас ерекшелігіне байланысты кітапханада танымды және қызықты **«English through games, Ойын арқылы ағылшын тілі»** үйірмесі балалар үшін жұмысын жалғастыруда. Оған 6-10 жастағы балалар қатысады. Ағылшын тілін үйренуші әрбір бала оқу үрдісінің сүйікті ойыны ретінде оңай әрі қызықты болғанын қалайды. Сабақ тақырыптары әртүрлі. Өткізілген сабақтар барысында үйірме жетекшісі балаларға ауызекі тілдің жалпы сөйлемдерін үйретеді, олардың сөздік қорын кеңейтіп, таныс ұғымдарды жазуға жаттықтырды.



Кітапханада **«FreeStyle»** арт-шеберханасының және **«Кел, қазақша сөйлесейік»** үйірмесінің жұмысы жоспар бойынша жүргізіледі. Кітапхана оқырмандары үшін **«Кел, қазақша сөйлейік»** үйірмесінің сабақтары танымдық - ойын түрінде өткізіледі. Балалар ребустарды шешеді, пазлдарды жинайды, әртүрлі тақырыптарда үйірме жетекшісімен диалог құрады, дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді, сөйлемдерді өздігінен құрастырады және көркем оқу дағдыларын меңгереді. Үйірмеге қатысу мектеп бағдарламасы бойынша үй тапсырмасын дайындау кезінде үлкен көмек көрсетеді.



клубы жұмыс жалғастыруда, клуб отырыс

аясында **«Өлең жазам қауырсын қаламмен», «Проза: кеше және бүгін», «Өлеңім өмір айнасы»** атты таныстыру сағаттары өткізілді.

Клуб мүшелері өздерінің қалам тербеп жүрген сүйікті жазушылары және прозадағы сүйікті кейіпкерлері жайлы ой бөлісіп, прозаны қандай жанрда жазғылары келетінін де атап өтті. Сондай-ақ, әлем әдебиеті мен мотивациялық шығармаларға көп қызығатынын әңгімелеп, бүгінгі қазақ прозасына деген көзқарастары туралы ойларын ортаға салды. «Қауырсын қалам №1» альманағында өлеңдері жарық көрген оқушыларға альманахтар таратылды. Жоспар бойынша "Қауырсын қалам" әдеби клубының 6

отырысы жоспарланған жыл ішінде 3 отырыс өтті. Альманахты №2-ші нөмірні шығару 2020 жылыға жоспарланды.

«Жәдігер» өлкетану зерттеу клубы

«Туған жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаланың орта және жоғарғы сынып оқушыларына арналған **«Жәдігер»** өлкетану-зерттеу клубы жұмысын жалғастыруда.

Жас қарағандылықтарды өзінің қаласына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру, маңызды тарихи оқиғаларды еске салатын көрнекті орындармен танысу. «Жәдігер» кітапханалық өлкетану клубының мүшелері мен №48 ЖББОМ 8 сыныбының оқушылары клубтың отырысында Қарағанды қаласының 85жылдығына орай қаламыздағы **«Даңқты тарих парақтары»** (Қарағанды ескерткіштері) арт-саяхатын жасады.

Қарағанды қаласының ескерткіштері, ақындарға, саясаткерлер мен тарихи тұлғаларға арналған танымал монументтер мен мүсіндер туралы сындарлы диалог болды.



«Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасы

«Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасы аясында сыныптары өткізілді. Мақсаты жас оқырмандарды ғылымға қызығушылығын арттыру. Балаларға ыстықта ерімейтін қар жасау ұсынылды. Ньютондық емес сұйықтықты қалай дайындауға



болады, оның қандай таңғажайып қасиеттері бар, осының бәрін балалар сабақта тәжірибе жүзінде көрді. Балалардың назарына жалын және оның қасиеттері туралы таныстырылым ұсынылды. Қандай химиялық заттардың көмегімен түрлі-түсті жалынды қалай жасауға болады, осының бәрін балалар

әртүрлі шеберлік



практикалық сабақтан көрді.

Кітапханашының басшылығымен жүргізілген тәжірибелер қарапайым әрі қауіпсіз болды. Оқушыларға осындай тәжірибені үйде ата-аналарымен және достарымен қайталап көру ұсынылды. **«Қызықты ғылым»** кітапханалық зертханасының жұмысы қала мектептерінің оқушыларына және балабақша бүлдіршіндері мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне қызықты да тартымды болып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Нәтижесінде балалардың ғылымға қызығушылығы артып **«Қызықты ғылым»** кітапханалық зертханасының жұмысын жалғастыру үшін телескоп, микроскоп, гербарий сатып алынды.



Ата-аналармен жұмыс

Есеп беру кезінде әр айдың екінші жексенбісінде кішкентай пайдаланушылар үшін дәстүрге айналған **«Әр елдің ертегілері»** дауыстап оқуы өткізілді, Г.Александрованың «Домовёнок Кузька и его сундучок», И.Токмакованың «Крошка Вилли-Винки», Г.Черноголовинаның «На джайлау», қазақ халық ертегілері «Тазша бала» мен «Алтын сақа», шығармалары оқылды.

Дауыстап оқу - балаларды және ата-аналарды іс-шараларға қатысуға ғана емес, сонымен бірге оқу залындағы ерекше қолайлы атмосферада тыңдаушыларды кітапханаға және оқуға тартуға мүмкіндік беретін кеңінен тараған жұмыс түрі.

Дауыстап оқудың мақсаты – оқығанды есту және түсіну үшін мұқият тыңдауға немесе белсене оқып ойлануға, оқып сезінуге, оқып өмір сүруге үйрету.



V. КӨПШІЛІК ЖҰМЫСТАР

ҚР Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың **«Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»**, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың **«Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»** Жолдауларын түсіндіру.

Кітапхана бөлімдерінде тұрақты қолданыстағы **«Рухани жаңғыру – ұлт жаңғыруы»**, **«Жолдау-дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. Кітапханада Жолдауды насихаттау бойынша танымдық әңгімелер, ақпараттық сабақтар өткізіледі. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында кітапхана қызметкерлері № 64 ЖББОМ Ғ.Мұстафин атындағы № 83 ЖББОМ, №1 гимназияның 3-4, 7-8 сыныптың оқушылары үшін **«Президенттің Жолдауы-еліміздің жарқын болашағы»** әңгіме, **«Мақсат – жетістікті желкені»** ақпараттық сағаты өткізілді.



Аталмыш шараларда №1 гимназияның 7 «А» сынып оқушылары Тұңғыш Президенттің **«Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»** Жолдауы бойынша **«Қазақстанның стратегиялық даму жолдары»** ақпараттық сағатына қатысты.



Балалар **«Қазақстанның даму бағдарламаларын жүзеге асыру»** бейнеролигін тамашалап, **«Жолдау - дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты кітап көрмесімен танысты.

Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының 7 сынып оқушылары үшін ҚР Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың **«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»** Жолдауы бойынша **«Қазақстанның стратегиялық даму жолдары»** атты ақпараттық сағаты өткізілді. Қатысушыларға мерзімдік басылымдарды пайдалана отырып, слайд арқылы мемлекеттің стратегиясы мен негізгі мақсаттары жөнінде түсіндірілді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жоғары лауазымда елімізді басқарғанының 30-жылдығына орай **«Нұрсұлтан Назарбаев: Жасампаздық дәуірі»** тақырыптық апталығы аясында 2019 жылғы 17 - 22 маусым аралығында кітапхананың оқу залында осы атаудағы кітап көрмесі - көрсетілімі ашылды. Апталықты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасы жариялады. Көрмеде Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке өмірбаяны және Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарынан бергі тарихына байланысты кітап басылымдары ұсынылды.



ҚР Тұңғыш Президенті күні

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күніне орай **«Ұлы дала - баласы»** атты бейнесабак, **«Елбасы жолы-ертеңге өнеге»** атты мультимедиялық презентация №45 гимназия, № 79 НОМ-тің 2-3, 6-7 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Кітапхана қызметкерлері Тәуелсіз Қазақстанның тарихында Тұңғыш Президенттің есімі, оның мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастырудағы тарихи рөлімен, балалық шағы және қалыптасу жылдарына тереңірек тоқталды. Іс-шара барысында балаларға **«Биікке бастаған парасат»** атты Н.Ә.Назарбаевтың отбасы туралы бейнеролик көрсетілді.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік тұтқасы бізге аманат» атты патриоттық сағатқа Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тәрбиеленушілері және №2 «Білім-инновация» лицей-интернаты, №41 А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушылары қатысты. Аталмыш шараның мақсаты оқушыларды елін сүйге, Отанға деген мақтаныш сезімін арттыруға, еліміздің тәуелсіздігінің паш ететін түрлі тарихи оқиғаларды зерделей отырып, егемен елімізге қамқор болу. №2 «Білім-инновация» лицей-интернатының 8 сынып оқушылары «Менің Қазақстаным», «Тәуелсіз елдің ұлымын» өлеңдерді мәнерлеп оқыды.



Алғыс айту күні

Кітапхана қызметкерлері 1 наурызда №3 гимназияның 7 сыныбының оқушыларымен «Спадчына» облыстық белорус мәдениеті қорының өкілі Нина Алексеевна Мисоченконың қатысуымен «Құрметтің ең биігі – алғыс» ақпарат-дайджесін өткізді.

Шараға арнайы келген қонақ Н.Мисоченко балаларға депортация жайында, халықтарды мәжбүрлеп қоныс аударғаны туралы әңгімеледі. Нина Алексеевна өзінің «Благодарение» өлеңін оқып, белорус халқы қазақ халқына не үшін «рахмет» айтатынын оқушыларға түсіндірді. Қонақ балаларды қызықтырған көптеген сұрақтарға шын көңілмен жауап берді. Кітап көрмесімен танысқаннан кейін «Начало переселения. Путь» деректі фильмі көрсетілді.



Кітапханаға Саран қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №5 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының тәрбиеленушілері келді.

Балалар кітапханаға алғаш рет келіп, кітаптардың алуан түрлілігіне ерекше таң қалды. Танымдық экскурсиядан кейін кітапханашылар «Ізгілік жасаңыз» сабағын өткізді, онда балаларға ізгілік туралы әңгімелеп, жақсы адамдар туралы кітаптарды еске түсіруді ұсынды.



Іс-шара соңында қатысушыларға смайликтер таратылып, олардың көмегімен топтағы «ең мейірімді адамды» анықтады. Топтағы екі бала Пешнина Светлана мен Аманжол Аксұнқар ең мейірімді балалар болды. Әңгімелесуден кейін біздің қонақтарымыз жақындарымен бірге көмекке мұқтаж мүлдем бейтаныс адамдарға да мейірімділік пен ізгілік танытуға ниет білдірді.

Халықаралық әйелдер күні

Халықаралық әйелдер күніне орай №45 гимназияның 3-сынып оқушылары қатысуымен «Сегізінші Наурыз-Аналар мерекесі» әдеби мерекелік сағат өткізілді. Мерекелік шарада балалардың назарына 8 наурызды мерекелеу тарихы, және басқа елдерде аталып өтілуі туралықысқаша слайдтық таныстырылым ұсынылды. Ер балалар сыныптас қыздарға арнап өлеңдер оқыды, ал қыздар әзіл - жұмбақтарды шешті.



Наурыз мейрамы

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай «**Наурыз мейрамы – көктемгі жаңару мерекесі**» атты этнографиялық мерекеге №86, 35 ЖББОМ-тің 5-6 сынып оқушылары қатысты. Мерекені «HOGWARTS» балалар орталығының ансамблі «ZUMBA» биімен іс-шараның шымылдығын ашты.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері А.Зейнепқарова мен С.Тұрсынтай XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрмыстық заттары туралы әңгімелеп, балаларға ағаш ыдыстарды, зергерлік әшекейлерді, ат-тұрман, ертоқым, қамшы, және т.б. заттарды балаларға көрсетті. Оқушылар А.Жиенбаев, Қ.Алмаз, З.Сабинаның орныдауларында Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», Жаяу Мұсаның «Ақсиса» әндері орындалды.



Балалар «Мыршым» және Соқыр теке» ұлттық ойындарын ойнады, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін еске түсіретін наурыз мерекесіне арналған кітаптармен танысты.

Қазақстан халқының бірлігі күні

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай, кітапханада қала мектептерінің 5-6 сынып оқушылары мен «Таңшолпан» балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін В.Ф.Потанин атындағы Қорған облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасымен бірлесіп (Ресей) телекөпір өткізілді. «Онлайн-қосылым» режимінде Қорған қаласы кітапханасының оқырмандары қазақ халқының мәдениетімен, ал Қарағанды қаласының балалары орыс халқының мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды.



Өз тарапынан ресейлік ұйымдастырушылар телекөпірге қатысу үшін «Зауралье халқының Кеңес Ассамблеясы» жалпы ресейлік қоғамдық ұйымның төрағасы В.Уфимцевті, Алматы қаласының тумасы болып табылатын жазушы О.Рыжованы шақырды. Қорған облысы қазақтарының ұлттық мәдени автономиясы төрағасы К.Ораловтың атынан 12000 мың қазақтардың Қазақстанның барлық ұлттық мерекелерін атап өтетінін, тілді үйреніп, өскелең ұрпақты қазақ халқының әдет-ғұрыптарымен және салт-дәстүрлерімен таныстыратынын білді. Біздің тарапымыздан іс-шараға «Согласие» орыс мәдени орталығы» ЖШС басшысы В.Н. Рожков және «Казачья вольница» ҚБ балалары қатысты. Іс-шара бағдарламасында түрлі тілдердегі әндер шырқалды, кітапханашы ресейлік әріптестеріне «Киіз үй» этноконструкторы туралы әңгімеледі. «Импульс» би ұжымы мен «Елдің қуаттылығы – халықтың бірлігінде» кітап көрмесі мерекенің шырайын келтірді.



Жеңіс күні

Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ерліктері халықтың жадында мәңгі сақталады. Олар туралы әндер мен аңыздар, өлеңдер мен поэмалар жазылып, кітаптар шығарылады.

Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданның үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналары үшін қарағандылық Кеңес Одағының батырлары мен Даңқ Орденінің толық кавалерлері туралы «**Жауынгерлік орденімен марапатталады**» еске алу кеші өткізілді. Өткізілген іс-шараға қатысқандар Н.Әбдіровтың, М.Мамраевтың, П.Теряевтің, А.Дударенконың, М.Сүлейменовтің, В.Христенконың және біздің жарқын болашағымыз жолында жасаған ерлігі үшін жоғары марапаттарға ие болған басқа да Қарағанды облысы тумаларының ерліктері туралы білді.



Патриоттық тәрбие

Отан қорғаушылардың күніне орай Кеңес Одағының екі мәрте батыры Т.Бегелдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі түлектерінің қатысуымен **«Қазақстан әскерінің мақтанышы»** атты мультимедиялық таныстырылымы өткізілді.



Іс-шара барысында «Бүгінгі ұландар – ертеңгі ел қорғаушылар» атты презентация тамашалады. Жас ұландар арасында «Күш сынасу», сұрақ-жауап ойыны өткізіліп, сайыстың барысында шараға қатысқан балалардың алғырлығы, күші мен өнерлері көрсетілді. «Жас ұлан» түлегі Н. Сейілхан фортепианода Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әнін, домбырамен Құрманғазының «Адай» күйін нақышына келтіріп орындады. Шара соңында «Қарағандылық Ұлы Отан соғысы батырлары» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.



Саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні

«Таңшолпан» балалар үйінің тәрбиеленушілері және «Бәйтерек» облыстық балалар шипажайының балалары үшін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған **«Саяси қуғын-сүргін құрбандары: тарих сабақтары»** тарихи экскурсия өткізілді. Біздің өлкеміздің тарихы Қазақстан тарихының қайғылы парақтарымен 20-30 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін оқиғаларымен тығыз байланысты. Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейінің ғылыми қызметкері Кондрашов Иван Евгеньевич саяси тұтқындар өмірінің фактілерімен бөлісті. Іс-шара соңында «Карлаг: боль и память» деректі фильмі көрсетілді.



ҚР мемлекеттік рәміздер күні

Мемлекеттік рәміздер күніне орай кітапханада А.Байтұрсынұлы атындағы №41 гимназия және №8 ЖББОМ-тің оқушылары үшін **«Республика рәміздері - ұлттық мақтаныш»** танымдық сағаты өткізілді.



Рәміздер залында кітапханашы балаларға республика рәміздерінің құрылу тарихы, авторлары және біздің еліміздің туы мен елтаңбасындағы әр бейненің маңызы туралы айтып берді. Балалар мемлекеттік тудың жанында Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын салтанатты түрде орындады, одан кейін «Республика рәміздері - ұлттық мақтаныш» кітап көрмесіне шолу жасалды.

Балаларды қорғау күні

1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған **«Жадыраған жаз»** кітапханалық АРТ- фестиваліне №1, 92, 97 гимназиялардың мектеп жанындағы лагері алаңдарының балалары, «Гвоздичка» балабақшасының тәрбиеленушілері, кітапхана оқырмандары мен қала қонақтары, барлығы 300-ден астам балалар мен ересектер қатысты.



АРТ фестивальдің алаңдары мен шеберлік сыныптары ой-өрісін кеңейтуге, сүйіспеншілікпен оқып үйренуге, қиялды жақсартуға, көп нәрсені үйренуге, жас зияткерлікті қалыптастыруға, мейірімді жүректі тәрбиелеуге көмектеседі.



Кітапхана алдындағы көшелерде келесі іс-шаралар өткізілді: Қолөнер шығармашылығы бойынша **«АРТ талант»** шеберлік сыныбы, онда балалар әртүрлі материалдардан түрлі бағытта қолдан



бұйымдар жасау тәсілдерімен танысты. Балалар өз қолымен жасаған бұйымдарын үйлеріне алып кетті. "Білсең – жауап бер, білмесең – оқы" атты «Әдеби дартс» өткізді. Қатысқандар мерген атқыштар екенін, сонымен бірге әдеби шығармаларды жақсы білетінің көрсетті.



Мерекеге келген Қарағанды қаласының жас тұрғындарына ұлттық құндылықтарды жаңғырту мақсатында, **«Киіз үй»** этноконструкторын жинау тренингі өткізілді. Балалар киіз үйді кітапханашының көмегімен өздері тігіп үйренді.

4-8 жас аралығындағы балалар үшін **«Ойнай отырып, оқимыз»** самокаттар эстафетасы ұйымдастырылды. Ол «Самокаттар жарысы» мен «Әріптерді білемін», «Кітапты тап» және «Змейка» атты үш бөлімнен тұрды.



Ертегі оқығанды жақсы көретіндер үшін **«Кітапханадағы күтпеген оқиға»** әдеби квесі өтті. Топқа бөлінген балалар «Қалың-қарағайлы орман», «Қасиетті құдық», «Сықырлы сарай», «Кітаптар лабиринті», «Қазына аралы» атты сықырлы сөрелерде жасырылған, кітаптарды тауып түрлі тапсырмаларды орындай отырып, кітапханада саяхат жасады.

«Сықырлы бояулар» алаңы балаларға асфальтта түрлі-түсті борлармен сурет салып, барлық армандарын жүзеге асыруға көмектесті. Фестиваль жарқын және мерекелік күйде өтті. Барлық қатысушы балаларға сыйлықтар мен естелік кәдесыйлар тапсырылды.

Домбыра күні

Қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыра күніне орай кітапханада **«Домбыра – дастан, домбыра – күй»** атты әдеби-сазды кеш өткізілді. Іс-шараға облыстық туберкулезге қарсы шипажайында ем алушы балалар қатысты.

Әдеби-сазды кешке Теміртау қаласындағы Ғ.Жұбанов атындағы балалар өнер мектебінің домбыра үйірмесінің ұстазы Перизат Зейкенова және осы мектептің оқушылары Аружан Муханбек, Перизат Ходжайева арнайы қонақ ретінде шақырылды. Ұлттық аспапты насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шарада Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын», Халық күйі «Кеңес», Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлерін домбырада орындалды. Іс-шара соңында кітапхана қорындағы «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі», М.Рәш «Киелі домбыра», Ө. Спанов «Домбыра үйренейік», К.Әзірбаев «Жан серігім, домбыра» кітаптарына шолу жасалды.



Астана күніне

Кітапхана алдындағы жазғы алаңда «Гвоздичка» балабақшасының тәрбиеленушілері және мектеп жанындағы лагерьдің балалары үшін Астана күнін мерекелеуге арналған **«Бейбітшілік қаласы және Еуразия жүрегі»** ойын-сауық бағдарламасы өткізілді.



Кішкентай қарағандылықтар танымдық викторинаның сұрақтарына қызыға жауап берді және «Астананың көрнекі орындары» пазлын құрастырды. Еліміздің бас қаласының тарихы, географиялық жағдайы, көрнекті жерлері туралы білді.

Отбасы күніне

Қазыбек би ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің педагогтарымен бірлесе балалар мен олардың ата-аналары үшін **«Оқы. Жасап шығар. Ойлап тап»** отбасылық мерекесі өткізілді. Мереке О.Секораның «Құмырсқа Ферданың оқиғалары» ертегілік повесін дауыстап оқып, талқылаудан басталды. Слайдтық таныстырылымның көмегімен балалар мен ересектер отбасы туралы жұмбақтар мен мақалдарды табуға, пазлдар құрастыруға, дидактикалық және танымдық ойындарға қатысты. Іс-шара барысында **«Бақытты отбасы»** бейнеролигі көрсетілді.



Жаңа жылдық ертеңгілік

Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Әсіресе балалар келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеді. Осыған орай кітапхана қызметкерлері 25 желтоқсан күні жас оқырмандар үшін **«Жаңа жыл - жаңа нұр»** атты ертегі қойылымды ұйымдастырды. Ертегінің қойылымында балалар ертегі кейіпкерлерімен жаңа жылдық ойындарды ойнады. Аяз Атаның келуі балаларды қуаншқа кенелтті. Балалар Аяз атаға өлеңдерін оқып, ән салып, ол үшін шағын тосынсый мен тәтті сый алды. Іс-шараға қатысқандардың барлығы мерекелік көңі-күйде болды.



Қазақ тілін латын қарпіне көшіруді кеңінен танымал ету



Кітапхана қызметкерлері қаланың орталық көшелеріне шығып **«Латын әліпбиі - өркениет жолы»** акциясы аясында тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қаланың тұрғындары мен қонақтарына қазақ тілін латын жазуына көшірудің артықшылықтары, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, заманауи ақпараттық технологияларға кеңінен қол жеткізу мүмкіндіктері туралы түсіндірілді.



Сонымен бірге кітапханашылар латын әріптеріне негізделген әліпби флаерларын таратты.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 41 мектеп – гимназияның 6 сынып оқушылары, №87 НОМ жаңында құрылған «Толағай» атты жаздық лагерьде демалатын балалармен қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі **«Латын әліпбиіне - жаңа қадам, жаңа жол»** оқыту сабағы, **«Латын әліпбиі - жаңа көшке бастар керуен басы»** атты ойын-сабағы, **«Мен үйренемін...»** атты ойын сабағы өткізілді. Кітапханашылар **«Бізбен оңай әрі тез»** және **«Мен үйренемін ойын-сабағы»** интерактивті ойындарын пайдаланып, балаларға қазақ сөздерін латынша жазудың негізгі ережелерін меңгеруге көмектесті.



Әдебиеттерді кеңінен танымал ету

Кітапхана 2019 жылы ақпан айында балаларды кітапхананың қызметімен таныстыру үшін **«Кітап-рухани қазына»** атты айлық өткізді. Кітапхана мен мектептің жалпы міндеті-бұл кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен



әдістерін ұйымдастыру арқылы балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеуге ықпал ету.

Кітапхана қызметкерлері мектеп педагогтары мен №92 гимназия, №13, 36, Ә. Бөкейхан атындағы 76 ЖББОМ 2-3,4-6 сынып оқушылары үшін жаңа кітаптарға шолу өткізіп, танымал басылымдармен таныстырды. Оқушылар кітапхананың тыныс-тіршілігімен, шығармашылық және танымдық үйірмелер мен клубтар және қызмет көрсетудің жаңа нысандары туралы білді. 82 оқушы кітапханаға жаңа оқырман болып жазылды.



Кітапты сыйлыққа тартудың халықаралық күні аясында кітапхана ағымдағы жылғы 13-14 ақпанда Қарағанды қаласының мектебі кітапханаларына арналған **«Кітапханаға кітап сыйла»** акциясын ұйымдастырып өткізді. Мұндай акция кітапхана әкімшілігінің ұйымдастырумен екінші жыл өткізілді.



Акцияның мақсаты: балалар оқуын дамытуға және біздің қаламызда кітап сыйлау дәстүрін жандандыруға ықпал ету, мектеп кітапханаларына жақсы кітаптарды сыйға тарту және қағазды кітап әлі де болса өзекті сыйлық болып қалатынын және технологиялық ғасырда да өзінің құндылығын жоғалтпайтынын көрсету.

Мерекелік акция барысында Қарағанды қаласының №25,64.76 ЖББОМ өткізілді. Мектеп кітапханасына балаларға арналған үздік кітаптар мен журналдар сыйға тартылды.

Кітапхананың қызметкерлері кітапты сыйға тартумен қатар, кітаптардағы әдеби кейіпкерлерді білу жөніндегі балаларға арналған танымдық бағдарлама ұйымдастырды өткізді.

Екінші күні 14 ақпанда кітапхана қызметкерлері Қарағанды қаласының № 64,17 мектептеріне барып, **«Кітапханаға кітап сыйла»** мерекелік акциясын жалғастырды. Мектеп басшыларына кітапхана атынан балаларға арналған кітаптар топтамасы мен журналдар сыйға тартылды. Балалар үшін «Айтшы, Әжетай» республикалық балалар журналына шыққан 3D суреттерді көріп тамашалады. Кітапхананың балалар оқуын қолдауы, біздің қаламызда кітапты сыйға тарту дәстүрін жандандыруы және жаңа оқырмандарды тартуға ықпал етуі арқылы акцияның мақсатына қол жеткізілді. Нәтижесінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасына қаладағы көптеген мектептерден **«Кітапханаға кітап сыйла»** мерекелік акциясына орай мектеп кітапханасының кітап қорына кітап сыйлауға сұранымдар түсті.



Сондай-ақ кітапханада кітапты сыйлыққа тартудың халықаралық күніне орай біздің кітапханада жалғасын тауып кітап пен оны оқуға құмар тұрақты оқырмандарымыз: Дарья мен Виктория Ивановалар, Дина Сулейменова, Ярослава Сосницкая, Дария Жукен, Алуа Батырбек, Иван Голубев, Жанель Кабиденнова, Юлия Сорокина, Игорь Торкунов, Зинфира Сафина, Дамир Хуснуллин сыйлыққа кітап алып, қуанышқа бөленді. Кітап әрқашанда нағыз оқырманды қуанышқа бөлейтін әмбебап сыйлық болған және бола береді.

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі қаңтар – қараша айларында **«Оқырмандық ықылас ағашы»** сауалнамалық нысанындағы қызықты да ерекше акциясы өткізілді. Осы уақытта бөлімге келген балалар бөлімнің көрме залында тұрған «Ғажайып ағаш» бұтақтарына түрлі-түсті ленталарды байлады.

Акцияның мақсаты: кітапқа және оқуға деген қызығушылықты арттыру; оқырмандардың қызығушылығын анықтау.

Лентаның әр түсі әдебиеттің белгілі бір жанрын білдіреді: **қызыл түсті** - өлеңдер мен қызықты әңгімелер, **көк түс** - ертегілер,



сары түс - сұрақты көп қоятындарға арналған кітаптар, күлгін түс - детективтік әңгімелер мен шытырман оқиғалар.

Жыл ішінде акцияға 3664 оқырман қатысты, «Ғажайып ағашқа» 3664 лента байланып, күн сайын есебі жүргізілді. Оқырмандық ықылас келесідей жіктелді:

- ертегілер -1683;
- өлеңер мен әзіл-сықақ- 845;
- сұрақты көп қоятындарға арналған кітаптар- 612;
- детективтер мен шытырман оқиғалар-524.

Жас оқырмандар арасында ең танымал - ертегілер, екінші орында - өлеңдер мен әзіл-сықақ әңгімелер, үшінші орында - балалар детективтері мен оқиғалары.

Оқырмандардың қызығушылығын арттыру мақсатында орта және жоғары мектеп жасындағы (10-15 жас) балаларға қызмет көрсету бөлімінің абонементінде кітапханада «Книга и молодежь: встречное движение» атты көрме-сауалнама ұйымдастырылды.

Оқырмандар 10 сұраққа жауап бере отырып, сауалнамаға қатысушы болу ұсынылды: «Алғашқы кітабыңыз есіңізде ме?», «Сіздің сүйікті кітабыңыз бар ма?», және «Қандай әдеби кейіпкер болғыңыз келеді?», «Сіз кітап оқығанды ұнатасыз ба?», «Кітапсыз өмір сүре аласыз ба?», «Интернет кітапты алмастыра ала ма?», «Сіз не туралы оқығыңыз келеді?», «Сіз үшін қазіргі таңда оқу сәнді ме?» және т. б. Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің әдеби талғамдары да анықталды. Бүгін оқырман-жасөспірімге мистика, қорқыныш, фэнтези жанрындағы кітаптар ұнайды. Жеке басының өсуі туралы уәждемелік кітаптарға қызығушылық артып келеді, кейбір оқырмандарға қоғам қабылдамаған атақты адамдардың өмірі туралы кітаптарды оқу қызықты.

Балалар кітабының апталығы

Кітапханада наурыз айының 11-15 күндері дәстүрлі түрде **«Балалар кітабының апталығы»** өткізілді. Бұл мерекені 1943 жылы Мәскеуде алғаш рет «Балалар кітабы апталығын» ұйымдастырған белгілі балалар жазушысы Л.А. Кассиль болатын. Балалар кітабы апталығының міндеті балалар кітабы мен оны оқуды кеңінен танымал ету, балалар өмірінде кітаптың маңыздылығын арттыру, жазушы мен оқырман арасындағы өзара шығармашылық әрекеттесуді қалыптастыру болып табылады.

Бірінші күні **«Балалық шақ кітаппен»** балалар кітабы апталығының салтанатты ашылуы болды. Мереке қонақтарына **«2019 жылғы мерейтойлық кітаптар»** дефилесі ұйымдастырылды.

Салтанатты мереке күні Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, жыршы, балалар жазушысы Баянғали Тақанұлы Әлімжановпен **«Ардагер азамат, ардақты ақын»** шығармашылық кездесу өткізілді. Іс-шараға Н.Нұрмақов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының 6-сынып оқушылары, №17, №76 ЖББОМ оқушылары, аудан және қала кітапханаларының кітапханашылары қатысты.

Кездесуге қарағандылық ақындар Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері С.Ақсұңқарұлы, ф.ғ.д., профессор Қ.Асанов қатысты, олар Б.Әлімжановтың шығармаларының ерекшеліктері және оның дарыны туралы әңгімеледі.

Оқырмандар ақының өлеңдерін мәнерлеп оқып ақын шынайы ризашылығын және алғысын білдірді. «Бүгінгідей қым-қуыт шақта бір сағат емес, 15 минут кітап оқысаңыздар, жаман адам болмайсыздар» - деп Баянғали аға қалам тербеп жүрген жастарға өзінің ағалық ақылын айтты. Кеш соңында қазақтан шыққан біден-бір манасшы Баянғали Тақанұлы «Манас»



дастанынан үзінді жырлап, қала кітапханаларына өзінің кітаптарын сыйға тартты.

Дәстүрлі Балалар кітабы апталығының екінші күні, **«Айтшы, Әжетай»** республикалық балалар журналының бас редакторы Сандуғаш Болатханқызы Нұрқановамен және редколлегия мүшесі, ҚР білім беру үздігі, аға оқытушы Сарқыт Чотбаевамен кездесу өткізілді. Іс - шараға №92 гимназия мен №4 ЖББОМ 4-5 сынып оқушылары қатысты. Жас оқырмандар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қонақтарға қойып, толыққанды жауап алды. Балалар «Айтшы, әжетай» журналынан алынған жұмбақтардың, ребустар мен анаграммалардың жауабын дұрыс тауып, тәтті сыйлықтарға ие болды. Журнал редакторы көп балалы отбасынан шыққан балаларға 2019 жылғы II-жартыжылдықта журналға тегін жазылуға сертификаттар табыстады.

«Апталықтың» үшінші күні педагог, журналист, ақын, балалар жазушысы Наталия Инжескаямен және суретші-иллюстратор Роксана Петровамен **«Балалар, сіздер үшін жазамыз»** шығармашылық кездесуі болды. «Таңшолпан», «Құлыншақ», балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, «ТҚАЗ» балаларға арналған мектеп-интернатының және №64 ЖББОМ 4-5 сынып оқушылары қатысты.

Барлық қатысушылар Н.Инжескаяны Ресей Жазушылар Одағы президиумының марапаты Маяковский медалімен құттықтады. Кездесу барысында «Читаем вместе» сериясының «Придумки от Алинки» жалпы атауындағы 20 кітапшадан 4-уі «Про двор», «Вот они какие», «Что это за явления» және «Про чистоту» кітаптары таныстырылды.

Н.Инжеская ең белсенді қатысушыларға өзінің кітапшалары мен суретші-иллюстраторлардың қолөнер туындыларын сыйға тартты.

Аптаның төртінші күні Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп - гимназия мен № 27 ЖББОМ 6-7 сынып оқушыларымен өткізілген **«Бір күні кітапханада...»** әдеби квестпен жалғастырылды. Әдеби квесттің бағыты қазақ халық ертегілерінің сюжеттері мен кейіпкерлерімен байланысты болды. Ойын қатысушыларды жаңа және қызықты кітаптармен таныстырып қана қоймай, есте сақтау, назар аудару, зейінділік, логикалық ойлау икемділіктерін дамытуға да мүмкіндік берді. Ойын тапсырмалары қатысушылардың қарым-қатынасының дамуына ықпал ететін көптеген жағымды және қуанышты эмоциялар туғызды.

Балалар қызыл, жасыл және қызғылт болып 3 топқа бөлінді. «Жасылдар» тобы ертегі ханшайымы Гүлбаршынды құтқарып, жеңіске жетті. Жеңімпаздарға медальдар мен сыйлықтар тапсырылды, ал қалған ойыншыларға тәттілер берілді.

Аптаның бесінші күні **«Оқырман бенефисі»** мерекелік марапаттау бағдарламасы - Балалар кітабы апталығының салтанатты жабылуы өткізілді. 9 номинация бойынша ең үздік және белсенді оқырмандар салтанатты түрде естелік дипломдар және сыйлықтармен марапатталды. Олар келесі номинациялар бойынша атап өтілді: «Ең бірінші оқырман» - В.Иванова, «Кішкентай оқырман» - Л. Чичерина (3,5 жас), «Фэнтези оқырманы» - П. Берлей, А. Куценко; «Мәңгілік классика» - Ж. Ибырханов, «Белсенді оқырман» - А. Есмырзаева, «Болашақ детектив» - А.Хафаров, «Кітапхананың айнымас досы» - Толғанай, Индира Серіковалар, «Адал оқырман» - А.Мусияченко, «Оқитын отбасы» - көпбалалы Ионайтис отбасы.

Әр номинация жас оқырмандар үшін есте қаларлық және салтанатты жағдайда тапсырылды. Өйткені оларды шақырылған қонақтар табыс етті. «Кішкентай оқырман» номинациясын Октябрь



аудандық «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі Д.Толлеуов кітапхананың ең кішкентай оқырманы Лиза Чичеринаға, ал «Болашақ детектив» номинациясын Қарағанды қаласындағы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспекторы, аға лейтенант А. Боранбай табыс етті. «Адал оқырман» номинациясын Қарағанды облыстық сотының судьясы, тіл жанашыры М.Азбанбаев Анна Мусияченкоға табыстады. «Кітапхананың айнымас досы» номинациясын «Деловая литература» ЖШС кітап дүкенінің басшысы А.Жетпісова және басқалары табыстады. №1 Балалар музыка мектебінің «Думан сазы» фольклорлық ансамблінің орындауында халық күйі «Тепең көк», «Бақтыбай әуен» және №2 Балалар музыка мектебінің «АМАНАТ» трио тобының орындауында «Алға», «Бабалар ұраны» әндерін нақышына келтіре шырқап қатысушыларға қуанышты көңіл-күй сыйлады.

23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай кітапханада ақын, журналист, Ресей Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Жыл ақыны» ұлттық әдеби сыйлығының номинанты Наталья Инжевскаямен шығармашылық кездесу өткізілді. Кездесуге жас ақындар мен қарағандылық журналист Анна Строкова шақырылды. Өткізілген іс-шараға №48 ЖББОМ, №45 гимназия, Саран қаласынан №17 ЖББОМ 7-8-10 сынып оқушылары қатысты.



Кездесу басында Н. Инжевская қарағандылық жас ақындардың арасынан жаңа есімдерін оқушыларға таныстырды, олар Қарағанды қаласының мерейтойына арналған «Өлеңім-Қарағандым» байқауының жеңімпаздары «Альтер» еркін даму мектебі оқушылары Д.Магамадова, В. Мартынов пен Р.Рымбаев өздерінің авторлық шығармаларын оқыды. Олардың туындылары «Сүйікті және туған өлкем» жинағының «Творчество юных» бөліміне енгізілді. Н. Инжевская Анна Строкованы Қарағанды ақындары орта буыны ретінде таныстырды. Барлық қатысушылар оны шығармашылық қызметінің өзге қырынан таныды, Аннаның керемет өлеңдер жазатынын, мюзиклде ойнайтынын және ән шырқайтынын білді. Кездесу кеш соңында «Менің қалам» сериясында Қарағанды және Қарағанды облысының мәдениеті туралы 2018 жылы жарыққа шыққан 5 томдық мақалалар жинағының таныстырылымы болды, жинақ кітапханаға сыйлыққа берілді. Кітапхана қоры Н.Инжевскаяның қолтаңбалары қойылған жаңа кітаптармен толықты.



4 сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының балалар кітапханасы өткізген Нұр-Сұлтанның жас тұрғындарының Қарағанды облысының тумасы, балалар ақыны, жазушы Дария Джумагелдиновамен шығармашылық кездесуінің online қосылымы болды. Өткізілген іс-шараға №1, №45 гимназияларының 3-4 сынып оқушылары зор қызығушылықпен қатысты. Олар Дария Тукеновнаның өмірі және шығармашылық жолы, балалар жазушысының қалыптасу жолы туралы әңгімелерін мұқият тыңдады.



№1 гимназия 3 сыныбының оқушылары П.Барабанова, Е.Толоконникова, К. Иманбаева, 4 сынып оқушысы М.Кириллук автордың «Достық», «Мектеп», «Отан» өлеңдерін оқыды. Автордың шығармаларын тамаша, көркем мәнерлеп оқығандары үшін балалар Д. Джумагелдиновадан алғыс сөздеріне ие болды.

Кітаптарды насихаттау, оқуға тарту



2019 жылы «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпы ұлттық оқылым үшін Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы және Әбділда Тәжібаевтың поэзиялық шығармаларын оқуды



ұсынды. Оқырмандар үшін екі автордың шығармашылығы бойынша аттас бір кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапханашылар **«Бір ел - бір кітап»** республикалық акциясы аясында «Бәйтерек» шипажайында емделіп жатқан балаларға арналған Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» кітабы бойынша **«Ұлтының бағына туған»** әдеби кеш өткізді. Іс-шара барысында балалар атақты жазушының шығармашылығы, оның ең жарқын шығармаларының туу тарихы туралы білді, «Абыз аға, Әбіш аға» деректі фильмін тамашалап, Әбіш Кекілбаев шығармашылығының қыр-сырын ашатын кітап көрмесімен танысты.




Сондай-ақ №48 мектепте 2 «А» сынып оқушыларының қатысуымен Ә.Тәжібаевтың **«Толағай»** кітабы бойынша дауыстап оқу өткізілді. Іс-шара барысында балалар Ә. Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісін қызығушылықпен тындып, Толағай атты батыр бала туралы және оның атымен аталып кеткен Толағай тауы туралы халық аңызымен танысты. Шара соңында оқушылар Толағайдың бейнесіне талдау жасап, өз ойларымен бөлісті.



Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының 7-8 сыныбының оқушыларының қатысуымен Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ақын, драматург Әбділда Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығына орай **«Сырдың сыршыл перзенті»** атты поэтикалық оқу сағаты өткізілді.

Жүсіпбек Аймауытовтың 130 жылдығына

Көп жанрлы жазушы, ғалым, ағартушы, педагог Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жыл толуына орай кітапхана оқырмандары үшін **«Жүсіпбек Аймауытов – тарихи дәуірдің символы»** кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Кәмел Жүністегінің 80 жылдығына

Қарағандылық жазушы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Кәмел Жүністегінің 80 жылдық мерейтойына орай, кітапхананың оқу залында №63 ЖББОМ 8 сынып оқушыларымен **«Белгілі жазушы, қоғам қайраткері - Кәмел Жүністегі»** портрет көрмесі өткізілді.



Сәкен Жүнісовтың 85 жылдығы

Кітапханада драматург, публицист, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері жазушы Сәкен Жүнісовтің туғанына 85 жыл толуына орай Ғ.Мүсірепов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасымен бірлесіп, **«Туған жерге тамырын терең жіберген дала жыршысы»** атты телекөпір өткізілді. Шара барысында екі кітапхана оқырмандары жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы өзара ой бөлісіп пікір алмасты. Балалар автордың жарты ғасырға таяу шығармашылық өмірінде қазақ әдебиетін өркендетуге өлшеусіз үлес қосқаны туралы біліп, жазушының «Ақан сері» дилогиясы, «Жапандағы жалғыз үй», «Заманай мен Аманай» романдары қалың оқырман қауымнан да, әдеби сыннан да жоғары баға алғаны жайлы білді. Шараға №6 ЖББОМ 7 сынып оқушылары мен «Құлыншақ» балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты. Аталмыш іс-шарада «Тамырын терең жіберген дала жыршысы» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.



Әмина Өмірзақованың 100 жылдығына

Елбасымыз «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі тұлғалар бейнесін жасау керектігі айтылған болатын. 2019 жылы «Ұлы тұлғалар»



сериясының аясында халық әртісі Әмина Өмірзақованың 100 жылдық мерейтойы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ЮНЕСКО көлемінде аталатын болады. Осыған орай қазақ киносының алғашқы қарлығаштарының бірі, театр өнерінің шыңын бағындырған тума талант иесі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кино және театр қайраткері Әмина Өмірзақованың 100 жылдық мерейтойына орай **«Қазақ киносының анасы»** атты еске алу кеші болып өтті. Шараға «Бәйтерек» шипажайында ем алып жүрген балалары қатысты. Кеш барысында кітапханашы Әмина Ерқожақызының өнермен өрілген өміріне тоқталып, «Тақиялы періште», «Әмина» автобиографиялық деректі фильмдерінен үзінді көрсетіліп, кітап көрмесіне шолу жасалды.

Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығына

Академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай кітапхана Жезқазған қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Жезқазған қалалық әмбебап кітапханасымен бірлесіп, **«Қаныш Сәтбаев: Тұлға.Патриот.Ғалым»** телекөпірі өткізілді. Іс-шараға Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайының этнография бөлімінің басшысы Дархан Шашенов, қаламыздағы №1 гимназиясы мен М.Жұмабаев атындағы №39 гимназияның 8 сынып оқушылары қатысты.



Кеш қонақтары Қ. Сәтбаевтың Қазақстанның геологиясын дамытуға қосқан үлесі туралы әңгімелеп берді. Ардагер-металлург Нұғмет Ильясов қазақстандық ғылымның өркендеуі туралы қам жеген ғылым академиясының президентімен болған кездесулер туралы еске түсірді. Көзі тірісінде жүздескен Алтыншаш Жармағанбетова телекөпірде оқушыларға Қаныш Сәтбаев пен оның жұбайы Таисияның қандай адамдар болғаны туралы айтып берді. Қаныш Сәтбаевтың отбасы мен еңбек жолына қатысты мәліметтер де оқушылар назарынан тыс қалмады. Кеш соңында «Қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, балалар викториналық сұрақтарға жауап берді. Қ.Сәтбаевқа арналған өлеңдерін оқыды. Қарыштап дамыған техника дәуірінде, миллиондаған ақпарат сәт сайын жаңарып жатқан уақытта, Қаныштай бірегей ғалымның өлмес мұрасын заманға лайық насихаттау нұр үстіне нұр болғаны ақиқат.



Александр Затаевичтің 150 жылдығына

Кітапханада композитор, этнограф, музыка және қоғам қайраткері А. Затаевичтің туғанына 150 жыл толуына орай Қарағанды облыстық тірек-қимыл қозғалысы аппараты зақымдалған балаларға арналған мектеп-интернаттың тәрбиеленушілері, А.Байтұрсынұлы атындағы №41 гимназияның оқушыларының қатысуымен **«Қазақтың музыкалық мұрасын жинаушы»** әдеби-музыкалық кеші өткізілді. Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының педагогы Ә.Әлжанова оқушыларға композитор, музыканттың өмірі мен шығармашылығы туралы және дала ақындарының әуендерін жинап, нотаға жазғанын туралы әңгімелеп берді. №2 балалар музыка мектебі оқушыларының орындауындағы «Дайдидау», «Илигай» т.б. музыкалық шығармалар кештің сәнін келтірді.



С.Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, Б. Майлиннің 125 жылдығына

Қазақ әдебиетінің алыптары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтың туғандарына 125 жыл толуына орай **«Үш бәйтерек»** атты әдеби кеш өткізілді. «Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Әдеби кешке №79 негізгі орта мектептің 6-7



сыныптың оқушылары белсене қатысты. Балалар С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтың, Б.Майлиннің шығармаларынан үзінді оқып, өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. Оқушыларға «SARYARQA» телеарнасы түсірген «Үш бәйтерек» атты қысқа метражды деректі-көркем фильмі көрсетілді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы Жеңіс Жангер С.Тұрысбектің «Көңіл толқыны» күйін нақышына келтіріп орындап берді. Кеш соңында қазақтың ұмытылмас үш бәйтерегінің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесіне шолу жасалды. Кешке қатысқан оқушыларды кітапхана тарапынан алғыс хатпен марапаттады.



Фарида Оңғарсынованың 80 жылдығына

Қазақстанның халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фарида Оңғарсынованың 80 жылдығына орай кітапханада «**Жыр - менің жалғыз тарланым**» атты поэзия кеші өткізілді.



Шараға №79 негізгі орта мектептің 7-8 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар ақынның «Туған жер», «Қазақстан», «Анама», «Қай жерде отырса да қарлығашың», «Өзен - шам-шырақ қаласы» өлеңдерін оқыды. Ақынның сөзіне жазылған «Айша бибі» әнін Абай қаласынан келген Абай атындағы №5 гимназияның 10-сынып оқушысы Ақбота Сыздықова орындады. Сондай-ақ «Жыр Падишасы» және «Тірлігімнің мазмұны аналығым» атты бейнероликтер көрсетілді.

Ағымдағы жылы көрнекті қоғам қайраткері, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның өмірі мен шығармашылығына арналған «**Ұлт лидері – Әлихан Бөкейханов**» атты портрет кеші болды.

Әлихан Бөкейханның өмір жолын және өсиетін жас оқырмандарға насихаттау мақсатында кешке арнайы қонақ ретінде Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкер Әміртай Тілеуғалы Әміртайұлы, және Ә.Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ, №23 ЖББОМ 5-6,10 сынып оқушылары қатысты. Кеште оқушылар Ә.Бөкейханның өмірі мен қызмет жолы, Алаш партиясы туралы өз пікірлерін ортаға салды. Іс-шарада оқушыларға «Алаштың ақтангері – Әлихан» атты слайд, «Ә.Бөкейханның өмір жолы» атты бейнеролик көрсетілді.



Өлкетану

№ 48 ЖОББМ 4 «А» оқушыларымен Қарағанды қаласының 85 жылдығына арналған «**Сен тұратын қала**» зияткерлік өлкетану викторинасы өткізілді.

Балалар қаламыздың тарихи өткеніне, бүгінгісі мен болашағына шағын саяхат жасап, викторина сұрақтарына жауап берді. Іс-шараның соңында балалар «**Мерейлі мекеніміз - Қарағанды**» атты кітап көрмесімен таныстырылды.



Қарағанды қаласының 85 жылдығына арналған «**Өлеңім – Қарағандым**» атты қалалық әдеби мәнерлеп оқу байқауы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өткізілді.

2019 жыл Қазақстандағы жастар жылы деп жарияланды. Бұл байқау өзінің туған қаласы Қарағанды туралы лирикалық шығармалар жазатын дарынды жастарды қолдау және Қарағанды облысының жас авторларының, дарынды балалардың шығармашылығын кеңінен танымал ету мақсатында ұйымдастырылды.



Қазіргі заманғы жасөспірімдер мен жастардың поэзияға, ақын-жазушылардың шығармаларына деген қызығушылығын дамыту; әдеби және көркем талғамды тәрбиелеу; аудитория алдында сөз сөйлеу дағдыларын дамыту; балалар арасындағы үздік оқырмандарды анықтау, оларға өздерінің дарынын көрсету мүмкіндігін беру басымды міндет болып табылады.

Байқауға қатысқандар екі номинация «Авторлық оқылым» - Қарағанды туралы өзі шығарған поэзиялық шығармасын жатқа оқу, «Қарағанды туралы жас қарағандылық ақынның өлеңін оқу» бойынша өнер көрсетті:

«Авторлық оқылым» номинациясының жеңімпаздары: I орын - «Альтер» еркін даму мектебі, 10 сынып оқушылары В.Мартынов пен Р.Рымбаев «Поэтический диалог Владислава и Руслана о Караганде» шығармасымен; II орын - «Альтер» еркін даму мектебі 5 сынып оқушысы Д.Магамадова «Қараганда – любимый город» шығармасымен; III орын- «№1 білім инновациялық лицей» 11 сынып оқушысы С.Құрмансеитов «Киелі Қарағанды» шығармасымен.



«Қарағанды туралы жас қарағандылық ақынның өлеңін оқу» номинациясының жеңімпаздары: I орын №21 НМ, 7 сынып оқушысы С.Шаметова «Мой город» шығармасымен; авторы Горбунов Максим; II орын – «ТҚАЗ» балаларға арналған Қарағанды облыстық мектеп-интернат 10 сынып оқушысы Н.Рымбек «Қарағанды аялдама» шығармасымен, авторы Бекежанов Айтуар; III орын - №17 ЖББОМ 11 сынып оқушысы М.Меженина «Моя Караганда» шығармасымен авторы Савинов Вячеслав жүлделі орындарға ие болып диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Құлыншақ балалар үйінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен **«Киелі Қазақстан»** ғылыми-зерттеу орталығының қызметі туралы ақпараттық сағат өткізілді. Слайдтық таныстырылым арқылы Қаражартас, Домбауыл, Жошы хан, Болған Ана, Алаша хан кесенелері мен Қызыл Кент сарайының үйінділері сияқты және облыстың тағы басқа киелі жерлерінің тарихи анықтамаларымен танысты. Балалардың назарына өлкенің табиғаты мен тарихи ескерткіштері туралы «Сарыарқа. Қазыналы өңір», «Ұлытау», «Уық шаншылған Ұлытау» фотоальбом - кітаптар басылымдары ұсынылды.



Нұркен Әбдіровтың 100 жылдығына

Кенес Одағының Батыры ұшқыш Нұркен Әбдіровтің 100 жылдығы орай біздің кітапхана Қарағанды облысының оқушылары арасында **«Балалар шығармашылығындағы Нұркен Әбдіров бейнесі»** атты облыстық байқау жариялаған болатын.

Сайысқа Қарағанды облысының ауылдары мен қалалары аудандарының келген балалары қатысты. Ең белсенді болып байқауға атсалысқан Қарқаралы және Нұра аудандарының балалары болды. «Сарыжайлау» кинотеатрының кинозалында 250-ден астам көрермен жиналды: Қарағанды облысының балалары, қала мектептерінің оқушылары, ата-аналар, педагогтар, және арнайы шақырылған қонақтар.



Көрермендер мен қатысушыларды құттықтап Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.М. Ағымбаев және Нұркен Әбдіровтің немере інісі А.С. Әбдіров сөз сөйледі. Жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Байқауға әр түрлі техникаларда (кесте тігу, құрақ тігу, аппликация, қолдан жасалған кітаптар, макет, 3D-



панорама, күйдіру, сурет салу). Байқауға 74 шығармашылық ұжымдық және жеке жұмыстар ұсынылды. Байқау шарты бойынша бір Бас жүлде, бір I орын, екі II және екі III орын анықталды. Бас-жүлде «Мен жерді көріп отырмын» топтық жұмыс бойынша: Сүлейменова Камилла (14 жаста), Абуова Айзере (14 жаста), Кунуспекова Адель (14 жаста). Бұқар- жырау ауданы. Жетекшісі А.Ақышев. I орын «Халық Қаһарманы» Ақылбеков Диас (12 жаста), Жәлел Нұрдәулет (12 жаста). Қарағанды қ. Жетекшісі Г.А.Ибадилдинов.

II орын «Нұркеннің ерлігі» Шалданбай Жанбота (14жас). Қарқаралы ауданы. «Нұркенді еске алу» Сайлау Сағыныш (13жас). Қарқаралы ауданы. III орын «Өлместік шыңында» Бекенов Мадияр (13 жас). Нұра ауданы, Киевка кеңті. «Н.Әбдіров мұражайы «1941-1945» Гармай Игорь (14 жас). Қарағанды қаласы.

Біздің кітапхананың серіктестері, «Сарыжайлау» кинотеатрының ұжымы да байқауға қатысқан балаларға алғыс айтып, жұмыстары қызықты болған балаларға естелік сыйлықтар табыс етті. Шараның концерттік бөлімінде Қарағанды қаласының №1 Балалар музыка мектебінің оқушылары мен А.Н.Тойболдинаның жетекшілігімен «Қуаныш» үлгілі хореографиялық ансамблі өз өнерлерін көрсетті.

Кеншілер күніне

Мерейлі мереке-кеншілер күніне арналып кітапханада **«Кеншілер еңбегін даңқтаймыз»** атты фотокөрмесі ұйымдастырылды. Фотокөрмеге «XX ғасырдың 30-шы жылдардағы кенші», «Кеншінің көмір арбасы», «Көмір бассейнінің бас геологы А.А.Гапеев», «Аппақ Байжановтың ескерткішінің суреті», кеншілер өмірінен сыр шертетін кітаптар және т.б. фотосуреттер қойылды. Көрмені таныстыру барысында кітапханашы көрмеге шолу жасап қызығы мен қиыншылығы көп кенші мамандығы туралы оқырмандарға түсіндіріп өтті.



Экологиялық тәрбие

«МІХ» жазғы лагерьдің балалары 13 тамызда Семей полигонындағы алғашқы сынақтың 70 жылдығына арналған **«Дабыл қоңыраулары: полигон жаңғырығы»** экологиялық диалогына қатысты. Іс-шараның мақсаты: жаһандық экологиялық мәселелерді адамзатқа төнетін қатер ретінде түсінуге ықпал ету. Балаларға Семей полигонын құрудың мақсаттары, ядролық жарылыстар тек әскери мақсатта ғана емес, сонымен қатар ядролық жарылыстарды бейбіт мақсатта да пайдалану тәжірибесін жинақтау үшін пайдаланғаны, сонымен қатар келтірілген экологиялық апат туралы айтылды. Диалог барысында балалар ядролық сынақтардың экологиялық және әлеуметтік зардаптарын белсенді түрде талқылады, ядролық қарусыз әлемге арналған ұран-үндеулер жасады, кітап көрмесі арқылы Семей полигоны туралы басылымдармен танысты.



Салауатты өмір салтын насихаттау

Кітапханамызда дүниежүзілік денсаулық мерекесі күніне орай №6 ЖББОМ 4 сынып оқушыларының қатысуымен **«Денсаулық - зор байлық»** атты танымдық сағаты өткізілді.

Іс-шара барысында балалар «Тазалық – денсаулық негізі» атты слайдпен танысып, денсаулық туралы жасырылған жұмбақтардың жауабын тапты. Тартымды әңгіме барысында балалар денсаулықтың негізгі ережелері: спортпен шұғылдану, күн тәртібі, тамақтану және жеке гигиена туралы өз ойларымен бөлісті.



Шара соңында балаларға «Бақытың да, байлығың да – Денсаулық» атты бейнеролик көрсетілді.

Құқықтық тәрбие

30 тамыз Конституция күніне орай «**Ата заңым аялайды елімді**» атты құқықтық сабақ өткізілді. Іс-шараға «Бәйтерек» шипажайында ем алушы балалар қатысты. Кітапханашы Балалар сұрақтарға жауап беріп, «Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы» кітап көрмесіне шолуды тамашалады.



«Құлыншақ» балалар үйінің тәрбиеленушілерімен «**Сиқырлы сөздер еліне саяхат**» қарым-қатынас сағаты өткізілді. Өткізілген іс-шара барысында жақсылық, мейірімді сөздер мен ізгі істер туралы әңгіме болды.

Балалар тақырыпқа қатысты сұрақтарға көңілдене жауап бере отырып, ойындар мен викториналарды өткізуге белсене қатысты.

Оларға сиқырлы сөздер туралы дамыту мультфильмі, М.Дружининаның «Сиқырлы сөздер» кітабы бойынша бейнеролик көрсетілді.



Слайдтық таныстырылымның көмегімен «Сиқырлы сөздердің ережелері», «Әдептілік – әдемілік көшесі» стансаларында аялдама жасай отырып, сыпайылық пен мейірімділік еліне саяхат жасады. Іс-шараның соңында балаларға осы тақырыптағы кітаптар бойынша шолу жасалды және «Көңілді аюлар – Сиқырлы сөздер» мультфильмі көрсетілді.

Биылғы жылы кітапхана өз ісіне берілген адамдармен «**Әрбір мамандық маңызды**» кездесулер циклін бастады. "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп-гимназиясының" оқушылары мен дәрігерлер әулеті, Исатаевтар отбасы, диалог алаңының қонақтары болды. Ақ халатты жандардың бірі-анасы Шолпан Құдайбергенқызы мен қызы Әйгерім Қайратқызы ең мәртебелі мамандық өкілдері болып табылады.

Сұхбат барысында қонақтар дәрігер мамандығын неге таңдағаны, қалай онколог және офтальмолог болғаны, бұған не қозғау салғаны және нағыз, танымал дәрігер болу үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы керектігі туралы әңгімеледі. Балалар дәрігерлер туралы өлеңдер дайындап, таныстырылым арқылы гаджеттерді жиі пайдаланудың көздің көруіне зиянды екені туралы білді, ал қонақтар көру жүйесі мен денсаулығын қалай сақтау керектігі туралы кеңес берді. Іс-шара соңында кездесуге қатысушылар «Медицина кәсібі - адамгершіліктің асылы» кітап көрмесі арқылы салауатты өмір салты туралы әдебиеттермен танысты.



«Әр мамандық маңызды» кітапхананың кәсіби бағдар беру циклі аясында «Ұстаз мәртебесі-ұлт мұраты» атты кездесу Исаковтар отбасымен ұйымдастырды. №13, №74 ЖОББМ 6-7 сынып оқушылары қатысты. Балалар педагогтар Күлзипа Ысқақызы Исакова және қызы Әйгерім Жақсыбекқызымен танысты.



Олардың отбасындағы ең алғашқы мұғалім Исаков Шамығұт, мектепте еңбек және сызу пәндерінен сабақ берген. Бүгінгі күні отбасында сегіз мұғалім бар, ал әулеттің жалпы педагогикалық өтілі 200 жылдан асады. Күлзипа Ысқақызы бала кезінен сандарды ұнататын, сондықтан ол еш ойланбастан өз таңдауын математика пәніне арнады. Қызы Әйгерімнің қатарлап отырғызған қуыршақтары оның алғашқы оқушылары болды және ол бүгінде №3 гимназияда әдебиет пәнінің мұғалімі. Күлзипа Ысқақызы Қарқаралы ауданының №33 ауыл мектебінде 42 жыл жұмыс істеген, зейнеткерлікте. Бұл отбасы мүшелері ұстаздық мамандықтың мақтаныш туын эстафета ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріп келеді. Балалар тарапынан оқыған кітаптары мен сүйікті авторлары туралы сұрақтар қойылды. Қонақтар Абайдың «Қара сөздерін», М.Әуезовтің

«Абай жолы» романын және Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» кітаптарын оқуға кеңес берді.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл



Терроризм мен экстремизмге қарсы ақпараттық іс-қимыл жұмыстарын жүргізу мақсатында кітапханада Е.А.Бөкетов атындағы №52 ЖББМО 8 сынып оқушылары үшін **«Діни экстремизм және терроризм»** ақпараттық сағаты өткізілді.

Жаһандық проблема ретінде «терроризм» мен «экстремизм» ұғымдарын, террористік актілер мен күдікті объектілерді анықтаған кездегі тәртіп ережелерін түсіндіру үшін Қарағанды облысының басқармасының маманы Г.Далабаева Балаларға әлеуметтік желілердегі теракт туралы қоңырау шалу түсіндіріліп, «Терроризм туралы сен не террор.», «Аманат» әлеуметтік көрсетілді. Оқушылар «Әр адам бұл жадынамаларын алды, онда теракт қаупі кезіндегі іс-әрекет, жедел әрекет ету үшін телефон нөмірлері, жарылғыш құрылғы анықталған кезде не істеу және бұл жағдайда қандай әрекет жасау қажеттігі туралы ақпарат қамтылға.



Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Кітапханада **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-әр азаматтың міндеті»** атты дөңгелек үстелге №63-ші жалпы білім беретін мектептің 11 сынып оқушылары қатысты. Балалар ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі тармақтары бойынша түсініктеме берілді, сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің пайда болуы туралы шолу өткізілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар «Сыбайлас жемқорлық қайдан пайда болады?», «Адамның жеке қасиеттері сыбайлас жемқорлықтың таралуына әсер ете ме?», «Сыбайлас жемқорлықтың дамуын қалай тоқтатуға болады?» туралы талқылады. Шара соңында Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы имидждік ролик көрсетілді.

Жоба бойынша жұмыс

«Жетістік формуласы» бенефис-шоуы



2019 жылы «Жетістік формулсы» жобасы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауына ие болып, тележоба нұсқасына ауысты. Есептік кезінде "SARYARQA" телеарнасында 8 телетүсірілім өтті. «Рухани



жаңғыру» бағдарламасы іс-шараларының республикалық тізбесіне енгізілген.



«Жетістік формуласы» бенефис-шоу жобасы аясында диалог алаңында Қарағанды облысы әкімінің «Қайнар» сыйлығының лауреаты, Қарағанды қаласының қоғамдық кеңесінің мүшесі, блогер Н. Сундиталиев; Қазақстан Республикасының халық әртісі ҚР Мемлекеттік



сыйлығының және халықаралық байқаулардың лауреаты, әнші М. Жүнісова; Қарағанды облыстық кардиохирургия орталығының эндоваскулярлы қан тамырлары хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер А. Жашкеев; «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, «Астана» Халықаралық қаржы орталығы әкімшілігі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Е.Рысмағамбетов; «Дефектоскопия F3B» ЖШС

құрылтайшысы, бизнесмен Ә. Упабеков ;Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Азия чемпионы, аралас жұптар санатындағы спорттық акробатикадан жастар арасындағы әлем чемпионатының алтын жүлдегері Н. Амоскин; ҚарМТУ профессоры, техника ғылымдарының кандидаты А.Мехтиев; «Дарынды бала» балалардың көшбасшылығын дамыту орталығының құрылтайшысы, «Алтын алқа» төс белгісінің иегері, іскер әйелдер кеңесінің мүшесі А.Хамитова жобаның құрметті қонақтары болды.



Қарағанды облысының

Ә.Упабеков, А.Жашкеев, Е.Рысмағамбетов, Н.Амоскин, А.Мехтиев «Қазақстанның 100 жаңа есімі» Республикалық жобасының қатысушылары мен жеңімпаздары.



Аналитикалық мәліметтер бойынша 2019 жылы «Жетістік формуласы» телебағдарламасына 469 адам қатысты.

Жыл бойы бағдарламалар бірнеше рет эфирге шықты. Көрермендердің арасында олар жақсы әсер қалдырды, бағдарламаны Қарағанды тұрғындары және әлеуметтік желілерінде таныс адамдар жақсы пікірлер қалдырылған.

Мектеп оқушыларын, студенттерді жобаға қатыстыру үшін мектептермен әріптестік қарым-қатынас орнатылды, оқу орындарының әкімшілігімен жеке кездесулер өткізілді.



Әр түсірілімнің алдында сауалнама жүргізілді, онда балалар жаңа бағдарлама қонақтарын атауға тиіс болды. Балалар болашақта IBF/IBO нұсқасы бойынша Қазақстандық боксшы, орта салмақтағы әлем чемпионы Г. Головкинмен, бокстан Олимпиада чемпионы С. Сәпиевпен, Қарағанды қаласының әкімі Н. Әубәкіровпен, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровпен, «Сарыарқа» хоккей командасының қақпашысы Д. Еремеев және т. б. кездесулерді ұсынды.

«Киіз үй» этноконструкторы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес шаралар мен жобалардың басым бөлігі ұлттық салт-дәстүріміздің төңірегіне өскелең ұрпақты ұйыстыруға бағытталып отыр. Домбырада күй тарту мен киіз үй жасау өнері-ЮНЕСКО-ның бейматериалдық мәдени мұралар тізіміне Қазақстанның атынан енген алғашқы өнер туындылары.



Кітапханаға балалардың ойлау жүйесін дамытып, ұлттық болмысты, бабалар рухы мен қоршаған кеңістікті толықтай сезініп өсулері мақсатында **«Киіз үй» этноконструкторы** алынған. Бұл жобаның жаһандану дәуірінде балаларды ата дәстүрден ажыратпай, ұлттық болмысқа сай тәрбиелеу ісінде маңызы аса зор.



Кітапхана ұлттық құндылықтарымызды жандандыру мақсатында №101 гимназия, №17,51,65, 85 ЖББОМ оқушылары үшін «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру тренингі өткізілді. Киіз үйдің тарихы және оның негізгі элементтерімен танысқан балалар экологиялық таза шикізаттан жасалған «Киіз үй» этноконструкторы зор қызығушылықпен жинап құрастырды.



«Балалар. Жаз. Кітап» кітапханалық алаңы

Кітапхана үшін оқушылар демалысы - мектептен, шығармашылық кеңістіктен және қарым-қатынастан ерекшеленетін кітапқа негізделген балаларға арналған бірегей мүмкіндік жасау. Бұл балаларды оқуға тарту, жаңа оқырмандарды кітапханаға тарту мүмкіндігі.

Балалардың жазғы демалыстарын қызықты да көңілді өткізу үшін кітапханада жаз айларында **«Жаз.Балалар.Кітап»** атты ұзақмерзімді жобасы жұмыс жасайды.

Жоба аясында аптаның әр күні белгілі бір тақырыпқа арналған: дүйсенбі - «Үстел ойындар күні», сейсенбі - «Қызықты ғылым деректер күні», сәрсенбі - «Балалар. Жаз. Кітап» кітапханалық алаңы, бейсенбі - «Жаңа кітаптар күні», жұма - «Ерте, ерте, ертеде...».

Жазғы оқу алаңының салтанаты түрде ашылуына орай 5 маусым күні А.С. Пушкиннің туғанына 220 жылдығына арналып **«На солнечной поляне Лукоморья»** атты әдеби мерекесі өткізіледі. Балалар ақынның өлеңдерін жатқа оқыды, А.Пушкин ертегілері бойынша викторина сұрақтарына жауап берді, «Балықшы мен балық туралы» ертегінің қойылымына қатысты.



Әр дүйсенбі сайын кітапханада жас оқырмандар шахмат, тоғызқұмалақ, дойбы ойындары туралы ақпарат беріліп, **«Үстел ойындарын күні»** өткізілді. Кітапхананың оқу залында ашылған зияткерлік және логикалық үстел ойындары арқылы уақытты көңілді және пайдалы өткізуге болады. Соңғы уақытта балалар мен жеткіншектер үстел ойындарына үлкен қызығушылық танытуда. Балалар топ болып ойнауға үйренді, логикасын мен зейіндік қасиеттерін дамытады.



ұсынылды. Балалар қоршаған әлемнің

Әр сәрсенбі сайын кітапхана аясында Жазғы кітап оқу алаңы Кітапхана өзінің әр оқырманына ұмытылмастай әсер береді. шытырман оқиғалар, саяхаттар, бос уақытын тек қызықты ғана емес, сонымен қатар пайдалы өткізуге мүмкіндік береді.



қызықты ғылым деректері п, әр түрлі тәжірибелер жасады. алаңында ашық аспан ұйымдастырылды.

жаз айынан ерекше және Байқаулар, ойындар, тосынсыйлар балалардың

Әр бейсенбі күні кітапхана қорына жаңадан түскен басылымдарға шолу жасалды.



Әрбір бала армандағанды, қиялға берілгенді, ойнағанды, бірнәрсені жасағанды, саяхаттағанды жақсы көреді. Иә, әсіресе сүйікті кітаптары бойынша саяхат жасауды. Әр жұма күні - **«Ерте, ерте, ертеде...»** деген тақырыпта кітапханашылар ертегілерді дауыстап оқиды және сол



ертегілердің желісі бойынша түсірілген мультфильмдер көрсетілді.

«Жаз.Балалар.Кітап» кітапханалық оқу алаңының жабылуына орай қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттап **«Ұлы Абайдың рухты сөзі»** атты әдеби-музыкалық кеш өткізді. Жас оқырмандар Абай оқуларының шағын байқауына қатысты, Томск қаласынан келген Брагин Евгений мен №92 гимназияның 4 сынып оқушысы Есенжол Дидар ақының өлеңдерін мәнерлеп оқып, жеңімпаз атанып, кітапхана тарапынан сыйлық алды. «Қазақты оятқан қайсар ақын - Абай» кітап көрмесінің шолуы ұсынылды.



VI. КІТАПХАНА ҚОРЫН ЖӘНЕ КАТАЛОГТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бюджеттік қаржыландыру

Кітаптарды сатып алуға 2019 жылы бюджеттен 3 000 000 теңге бөлінді.

	2019 жылға жоспар	2019 жылы орындалуы	с.і. қаз.тілі
Кітаптар	1300	1879	691
Барлығы	1300	1879	691

Толықтыру көздері

мазмұны	2019 жылға жоспар	2019 жылы орындалуы	саны (дн.)	оның ішінде қазақ тіліндегі саны
Кітап сауда ұйымдары	3000 000,00	2 999 999,17	1560	491
Мемлекеттік тапсырыс (Н.В.Гоголь атындағы ОӘФК)		338 593,98	121	110
Сый		131 580,00	198	90
«Қазпошта» АҚ	1000 000,00	671 698,86		-
Барлығы:	4 000000,00	4 141 872,01	1879	691

Қаржыландыру көздері диаграммада көрсетілгендей басылымдардың көбі бюджеттік қаржыландыру 1560 данаға сәйкес.



2019 жылғы түскен кітаптар


Есепті кезеңде кітап қорын толықтыруға бюджеттік қаржыландыру жоспары бойынша 3 000 000,00 теңге бөлінді. Жинақтау 11 дереккөзден жүзеге асырылды (А. Ермеков" ЖІПС, "Деловая литература" ЖІПС, "Хан"ЖК , «А. А. Цой» ЖК, «Восточный Bazar», «Даму» ЖІПС, «Big Dream» ЖІПС, «Alibek TRADE» ЖІПС, «Жаматова Г.Ш.» ЖК, «Меломан» ЖІПС, «Академия Инновационных Интеллектуальных технологий» ЖІПС).

Кітап сауда ұйымдарынан **1560** дана кітап (с.і.қазақ тілінде **491** дана) және жыл ішінде кітапхананың кітап қорына мемлекеттік тапсырыс бойынша Н.В. Гоголь атындағы ОӘФК-**121** дана кітап (с.і.қазақ тілінде 110 дана) **338 593,98** тг;

Жеке адамдар мен ұйымдардан сыйға **198** дана (с.і.қазақ тілінде **90** дана) **131 580** теңге сомаға басылымдар түсті.

Үш жылда (2017 - 2019 жж). кітапхана қорының өсуі байқалады 4724 данаға, қазақ тілінде 1925 данаға. Есепті кезеңде кітаптардың ең көп саны қоғамдық-саяси әдебиеттерге (түсімдердің жалпы санының 25,2%) және көркем әдебиетке (61,4%), ең азы - техника мен

ауылшаруашылығына арналған басылымдарға (1,4%) келеді. Жалпы, кітапхана қорының сандық құрамы өткен жылдар деңгейінде сақталады - 50% -дан астамы көркем әдебиет, 50% салалық әдебиеттер.



2019 жылдың II-ші жартыжылдығына **248938,24** мың теңге сомасына **20** мерзімді басылым атауына жазылу жүргізілді. 2020 жылдың I-ші жартыжылдығына 422760,62 мың теңге сомасына саны **57** атауға мерзімді басылымдарға-15 атаудағы газеттер мен 42 атаудағы журналдарға жазылу (с.і. қазақ тілінде 13 атаудағы газеттер және 30 атаудағы журналдар) жазылды.

2018 жылмен салыстырғанда мерзімді басылымдардың атауы 48 бірлікке азайған. Басты себебі 2020 жылы мерзімді басылымға 422 760, 62 мың теңге көлемінде қаржы сомасының аз бөлінуі. Егер соңғы жылдары кітапханаға мерзімдік жазылу үшін 1 миллион бөлінсе, 2019 жылы 672000 теңгені құрады.

2019 жылы түскен кітаптар

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1876	1327	486	25,8	99	5,2	27	1,4	46	2,4	67	3,5	1151	61,4

2019 жылы қазақ тілінде түскен кітаптар

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
691	385	236	34,1	33	4,7	3	0,4	31	4,5	42	6	346	50

01.01.2020 жылға кітапхананың қоры **134 653** дананы, оның ішінде қазақ тілінде **29 696** дана құрайды.

2019 жылы түскен басылымдар

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
2719	1430	1182	43,5	114	4,2	42	1,5	70	2,6	85	3,1	1226	45

2019 жылы қазақ тілінде түскен басылымдар

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
1160	453	557	48	45	4,9	15	1,3	55	4,7	66	5,7	402	34,6

Жалпы кітап қорының құрамы


барлығы	с.і. қаз.тілі	оның ішінде білім салалары бойынша											
		жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
134653	29696	20794	15,4	10788	8	3623	2,7	17715	13,1	10002	7,4	71731	53,3

Қазақ тіліндегі кітапханалық қордың құрамы

Барлығы	оның ішінде білім салалары бойынша											
	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт, өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
29696	6712	23	941	3	596	2	1715	5,7	1147	16,8	18585	62,3

Кітап қоры қызықты және танымал қазақстандық және ресейлік сериялардың басылымдарымен толықтырылды. «Менің 100 кітабым», «Өнегелі өмір», «Нұрсәуле, «Атамұра кітапханасы», «Көңілді ферма», «Сказки от бабушки Еркемай», «Вдохновляющие истории», «Найди и покажи», сондай-ақ «Толықтырылған шынайылық», панорамалық кітаптар жас оқырмандар арасында өте танымал болса, орта және жоғары сынып оқушылары арасында шетелдік және ресейлік авторлардың психология туралы, мотивациялық кітаптарға сұранысы байқалады.

Кітапхананың мемлекеттік тілде кітап қоры диаграммада көрсетілгендей, 2017 жылмен салыстырғанда артып отырғаны байқалады. Егер 27771 дана құжат болса, ал 2019 жылы 29696 құраған, яғни 1925 данаға артқан.



Құжаттарды өңдеу және жүйелеу

2018 жылдан бастап кітапхана қорына түскен жаңа кітаптарды жүйелеу ЭОЖ (Әмбебап ондық жіктеу) бойынша жіктеу қолға алынды.

Каталогтарды жүргізу және редакциялау

Электронды каталогқа жаңа келіп түскен кітаптар мен ретроенгізу бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Жаңа және ретро басылымдардың жалпы саны 12105 дана библиографиялық жазбасы енгізілді, 01.01.2020 ж. бойынша ЭК жалпы көлемі 80 105 б/ж құрайды.

2020 жылы кітаптарды электронды каталогқа енгізу жалғасуда. Есептік кезеңде орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі кітап қоры толықтай ЭК енгізілді. Негізгі қорды сақтау және құжаттарды толықтыру, өңдеу бөлімінің 13,5% б/ж қалды. Олар: (ТМД халықтарының әдебиеттері мен өнер және әдебиеттер бөлімінің кітаптары), 1,5 % б/ж мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі енгізу керек.

Қордың сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету

2019 жылғы 1-ші жартыжылдығында сақтау мерзімінің аяқталуына байланысты 380 дана мерзімді басылым қордан шығарылды, оның ішінде қазақ тілінде 227 дана.

2019 жылы басылымдарды есептен шығару

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт,өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
380	47	337	88,7	-	-	-	-	31	8,1	-	-	12	3,1

2019 жылы қазақ тіліндегі басылымдарды есептен шығару

барлығы		оның ішінде білім салалары бойынша											
дн.	атауы	жсә	%	жғә	%	тех. а/ш	%	спорт,өнер	%	тіл білімі, ә/тану	%	көркем әдебиет	%
227	36	227	100	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

2019 жылы 380 дана басылым есептен шығарылды, бұл тек қана мерзімді басылымдар, 2019 жылы кітап есептен шығарылған жоқ. Осыған байланысты кітап қоры көбейді.

VII. АНЫҚТАМАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жыл ішінде «Мақалалар» МБ 1567 б/ж (с.і. қазақ тілінде 1144 б/ж) енгізілді.

	жоспар	орындалуы	с.і.қазақ тілі	орыс тілі
Барлығы	1500	1567	1144	423

Есепті кезең ішінде «Жас өлкетанушыға», «Қарағанды облысының ақын-жазушылары», «На страницах периодических изданий», «Рухани жаңғыру», «Детские книги»,

«Қазақстан туған елім, ұлы өлкем», «2019 жылдың мерейгер жазушылары», «Бір ел-бір кітап 2019» тақырыптарында электронды тақырыптық жинақтаушы толтырылды.

Жыл ішінде 456 библиографиялық анықтама орындалды: оның 253 қазақ тілде, 203 орыс тілінде.

	Анықтамалар	с.і.қазақ тілінде
Тақырыптық	333	75
Мекенжайлық	47	77
Нақтылайтын	30	45
Фактографиялық	46	56
Барлығы:	456	253

Пайдаланушылардан түскен аса қызықты сұраныстар:

- Алғашқы сағат қай жылы жасап шығарылды?
- «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ең алғаш ұшқан кім?
- Жоңғар шапқыншылығы кезінде туған «Елім-ай» әнінің авторы?
- Қарқаралы өңірінің тарихи жерлері?
- Үнді халқының ұлттық гүлі?
- Ең алғаш «кесілген гүлдер» саудасы қай елде басталды?
- Қазақ зиялылары ең алғаш білім алған оқу орындары?
- Әмина Өмірзақованың кинодағы рөлдері?
- Тәж-Махал құрылысының тарихы
- Қарағанды конфеттер кондитерлік фабрикасы қай жылдан бастап жұмыс жасайды?
- «Латын әліпбиінің» тарихы
- Тұңғыш жалпы ұлттық газет?

Электронды қызметтер

Кітапхана сайтында **он-лайн кеңесші «JivoSite» v3.05.3** модулі жұмыс істейді, ол нақты тәртіппен сұраныстар қабылдап, оларға онлайн жауап беруге мүмкіндік берді.

Есепті кезеңде «JivoSite» v3.05.3 он-лайн кеңесші және виртуальды анықтама бойынша бойынша 16 сұраныс орындалды.

Тапсырыстың ішіндегі аса қызықтылары:

- Қалмұхан Исабаевтың «Соңғы тәсіл» повестер мен әңгімелері электронды түрі бар ма, немесе қайдан алуға болады?
- Әділбек Тауасаровтың «Махаббат аралы» драмасы бар ма?
- Әл-Фараби туралы орыс тілінде қандай кітаптар бар?
- Қарағанды шахтерлері туралы орыс тілінде мақалалар бар ма?
- Марк Мэнсонның «Тонкое искусство пофигизма» кітабы бар ма?
- Робототехника бойынша қандай кітаптар бар, әртүрлі тілдегілері бола ма?
- Қарағанды кеншілері туралы орыс тілінде мақалалар бар ма?

Әр сұранысқа жазбаша жауап беріліп, пайдаланушының электронды поштасына жолданды.

Есепті кезеңде 3 виртуалды анықтама орындалды:

Ернұр Сатыбалдиннен «Ернұр Сейдахмет шығармаларын орыс тілінде бар ма?» деген сұрақ келіп түсті. Жауап ретінде Ернұр Сейдахмет өлеңдері тек қана қазақ тілінде жазады, оның шығармалары әлі орыс тіліне аударылмаған туралы айтылды.

Сондай-ақ Сәкен Жүнісовтың «Жаралы гүлдер» пьесасы орыс тілінде бар ма деген сұраным келіп түсті. Орыс тілінде бұл шығарма біздің кітап қорында болған жоқ, қазақ тіліне сұраным орындалды.

Мақалалар мен кітаптарды сандық түрге көшіру

Жыл ішінде өлкетану бойынша 29 мақала, оның ішінде қазақ тілінде 25 мақала және 1 кітап сандық түрге енгізілді.

Атауы	мақала саны, кітап/көлемі	оның ішінде қазақ тілінде	Бет саны	оның ішінде қазақ тілінде/ көлемі
Кітаптар	1(90,1мб)	-	224	
Мақалалар	28(3,83 мб)	15	70	54/3,18 мб
Барлығы:	29/94,13мб	15	294	54/3,18 мб

Ақпараттық жұмыс

Кітапханада «Танысып қой! Мен - энциклопедия!» кітапханалық-библиографиялық сабақ өткізілді. Сабаққа «Құлыншак» балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

Балалардың назарына «Мир вокруг нас», «Что? Зачем? Почему?», «Что такое Кто такой», «Почемучка» және т.б. ең танымал және заманауи балалар энциклопедиялары ұсынылды. Библиографиялық сабақтың соңында викторина өткізілді.

«Время читать» мерзімді басылымдар күні барысында № 64 ЖББОМ-тің оқушылары «Алғашқы газет пен журналдың пайда болу тарихы» атты бейнежазбаға, «Читайка» балалар журналдарының интернет-шолуына қатысты.

Кітапханашы балаларға «OYLA», «Классный журнал», «Детская энциклопедия», «Мне 15», «Мир техники для детей», «Девчонки-мальчишки – школа ремесел» журналдарына шолу жасалды. Кітапханада «Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің» кітапхана-ісі бөлімінің 2 курс студенттерімен бірігіп өз туған өлкесі - Қарағанды облысының тарихын, әдебиеті мен өнерін, географиясын, мәдениетін тану мақсатында «Өлкетану библиографиясы – дәуір айнасы» атты библиографиялық сабағы өтті.

Библиографиялық сабақ барысында студенттер Қарағанды өңіріне байланысты анықтамалық әдебиеттер, әртүрлі («Қарағанды», «Қарқаралы», «Жаңаарқа», «Жезқазған», «Сәтбаев», «Сарыарқа») энциклопедияларымен танысып, өздері туып-өскен өңірі жайында көптеген ақпараттар алды. Осы әдебиеттерді пайдалану арқылы балалармен «Сұңқар» және «Тұлпар» топтары болып «Туған жер тұғырың» атты библиографиялық ойыны ойнатылды. 10 - 50 санына дейін берілген ұяшықтарды таңдау арқылы сол ұяшықтарда берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріп ұпай сандарын жинады. Ойын соңында екі команданың ұпай сандары саналып жеңіске жеткен топ марапатталды.

БАҚ. Баспа беттеріндегі кітапхана

Есепті кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарымен толық көлемде жұмыс істеді, 2019 жылы 40 материал жарияланды: оның ішінде кітапхана қызметі туралы 29 мақала, 11 ТВ сюжет,

- 11 мақала қазақ тілінде және 18 мақала орыс тілінде;
- 11 ТВ сюжет 5 сюжет қазақ тілінде, 6 сюжет орыс тілінде. («Новое телевидение», «Сәтті күн» бағдарламасы және «SARYARQA» телеарнасы «Уақыт kz», «Сөз сұраймыз» бағдарламасында жарыққа шықты).
- Мақалалар келесі басылымдарда жарияланды: республикалық «Дружные ребята», «Ұлан» облыстық «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» гезеттерінде, ekaraganda.kz, nv.kz, avitrek.krg электронды басылымда, ал бейнесюжеттер «SARYARQA», «Новое телевидение» жаңалықтар порталында жарияланды.



VIII. ҰЙЫМДАСТЫРУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Аналитикалық қызмет

Инновациялық-әдістемелік бөлімнің қызметкерлері Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының есеп тапсыру кестесіне сәйкес ағымдағы жылғы 3-11 қаңтар аралығында балаларға қызмет көрсететін облыс кітапханаларының 2019 жылғы жұмыс туралы есебі және 2020 жылға арналған жұмыс жоспары қабылдады. Балаларға қызмет көрсететін облыс кітапханаларының жұмысы туралы 2019 жылғы статистикалық және ақпараттық есебі жасалды.

Балалар кітапханаларының негізгі бақылау көрсеткіштері жыл қорытындысы бойынша орындалды, аудандарда оқырмандармен жұмыс жүргізудің жаңа нысандары енгізілді, кітап пен оқуды насихаттайтын ұзақмерзімді бағдарламалар мен жобалар іске асырылуда.

Облыстың балалар кітапханаларын дамыту бойынша жұмыс

Есепті кезеңде 12 маусым балалар кітапханаларына кеңес беру және практикалық көмек көрсету мақсатында кітапхана қызметкерлері Шахтинск қаласының ОКЖ №12,13 балалар филиалдарына іс сапармен барды. Мақсаты: балалармен кітапханалық жұмысты зерттеу, оқырмандарға-балаларға қызмет көрсету технологиясы, балалар әдебиеті қорын қалыптастыру және пайдалану, кітапхана үрдістерін автоматтандыру мәселелері бойынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету.

Қатысу қорытындысы ақпараттық анықтамада жазылып, ол Шахтинск ОКЖ басшысы И. А. Калининаның атына жіберілді.

Облыс кітапханаларына кеңестік-әдістемелік көмек көрсету

Есепті кезеңде 2 жеке кеңес берілді, оның 1-уі жазбаша түрде электронды поштамен жолданды (Сәтбаев қаласының БЖК директоры Г.С.Қожахметоваға), 1-уі Теміртау қаласының ОБК «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы бойынша логотипті пайдалану және ақпаратты кітапхана сайтына орналастыру жөнінде ұялы телефонмен ауызша берілді.

Абай атындағы ОБК облыстың балалар кітапханаларының қызметін дамыту жәнебағыттау әдістемелік орталығы болғандықтан, түрлі семинарлар, тағылымдамалар, кеңестер мен әдістемелік оқулар арқылы біліктілікті арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді. Ағымдағы жылғы 30 мамырда инновациялық-әдістемелік бөлімінің мамандары Жаңаарқа аудандық ОКЖ С.Сейфуллин атындағы орталық аудандық кітапхананың базасында **«Оқуды қолдаудағы тиімді коммуникациялар»** тақырыбында облыстық көшпелі семинар өткізді.

Семинар бағдарламасы көп қырлы және мазмұнды болды. Кітапхана мамандарының назарына 7 баяндамамен қоса, «Сиқырлы қар» шеберлік сыныбы және «Киіз үй» этноконструкторын жинау жөніндегі тренинг ұсынылды. Семинарға қатысқандар Б.Өтешев атындағы орталық модельді балалар кітапханасының инновациялық қызметімен танысты, Қарағанды қаласының ОКЖ № 5 балалар филиалының кітапханашысы А.Е.Балдаева интернет-технологиялар, электронды көрмелер, викториналар арқылы оқуды және кітапты насихаттау туралы толыққанды баяндамасын ұсынды.



Сонымен қатар, семинар барысында «Қызықты ғылым» кітапханалық зертхана аясындағы «Сиқырлы қар»: балаларды оқуға деген қызығушылыққа баулу жөніндегі жұмыс тәжірибесі» шеберлік сыныбы және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын



жаңғыртуға ықпал ету және қазақ дәстүрлерін, мәдениетін және шығармашылығын кеңінен танымал ету мақсатында «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру тренингі өткізілді. өткізді. Көптеген кітапханашылар балалармен жұмыс істеудің жаңа формасына қызығушылық танытып, осындай зертхананы ұйымдастыру туралы көптеген сұрақтарын қойды.

Кітапхана қызметкерлері бұл жоба ешкімді бей-жай қалдырмады, семинарға қатысушылар киіз үйді жинаудың барлық ерекшеліктерін: қолжетімділігін, қарапайымдылығын және бұл жобаны бүкіл облыс бойынша жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Қыркүйек айында балаларға қызмет көрсететін ауылдық кітапханаларға арналған



Қарқаралы ОКЖ аудандық балалар кітапхана базасында **«Ауылдық балалар кітапханасы жағдайында көрсетілетін кітапхана қызметін дамыту»** семинары ұйымдастырылды. Семинар бағдарламасы өте ауқымды болды, «Қазіргі заманғы ауылдық балалар кітапханасы:



оқырманмен сөйлесудің жаңа формалары мен әдістерін іздеу» (Қарқаралы орталық кітапханасының орталық кітапханасының тәжірибесінен), «Балалар кітапханасы жаңа буынның дамушы ортасы ретінде», «Іс-қимыл уақыты: шабыт, хабардарлық», насихаттау» (Қарағайлы кентіндегі балалар кітапханасының тәжірибесінен), «Кітапханалар - мәдениет, білім, ақпарат орталығы» (Бүркітті кентінің ауылдық кітапханасында балаларға қызмет көрсету тәжірибесі).

Баяндамалардан кейін Абай атындағы ОБК қызметкерлері семинарға қатысушылар үшін «Балаларды мобильді технологиялар арқылы оқуға тарту», «Киіз үй» этноконструкторын құрастыру бойынша тренингтер өткізді.



Қараша айында негігі қорды сақтау және құжаттарды толықтыру, өңдеу бөлімінің ұйымдастыруымен кітапханашылар арасында ОӘЖ (ондық әмбебап жіктеу) туралы білім сайысын өткізілді.

Баспа қызметі

Есепті кезеңде келесі әдістемелік құралдар басылымға дайындалып, жарыққа шығарылды:

- Қарағандылық жазушы Саттар Ерубаевтың 105 жылдығына «Негасимый свет Саттара» әдістемелік-библиографиялық құрал;
- «Бір ел – бір кітап» акциясына бетбелгі;
- «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» - флаерлар тарату, 50 дана;
- Балалар ақыны Мубарак Жамабалиновтың туғанына 95 жылдығына «Творческое наследие Мубарака Жаманбалинова» әдістемелік құрал;
- «Айтулы және атаулы күндер күнтізбесі 2020 жыл»;

Бастауыш сынып оқушыларына арналған "В мире насекомых" әдебиеттің ұсынымдық тізімі жасалды.

Кітапхананың жас қызметкерлері үшін "Жас ерекшеліктерін ескере отырып, пайдаланушылардың оқу қызығушылықтары бойынша ұсыныс тізімін құру" атты кеңес-практикум өтті. М. Подгайнова кітапханашыларға оқырманның сұранысы бойынша "Робототехниканың жұмбақ әлемі" атты ұсыныс тізімін құру туралы әңгімеледі.



IX. КІТАПХАНАЛЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Бүгінгі күнге Абай атындағы ОБК-да кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітапхананың барлық қызметі жүйелі түрде пайданаушыларға автоматтандырылған режимде қызмет көрсетілуге көшірілуде. Кітапхананың интернетпен қамтамасыз ету қызметін кең жолақты 50мб/с жылдамдық пен жұмыс жасайды.

- Internet желісінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, техникалық қолдау көрсетілді және роутер айырбасталды;
- Кітапхананың электрондық поштасы қадағаланып отырды;
- Локалдық жүйенің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етіп, холлға хаб қойылып бір компьютерге желі тартылды.
- АнтиВирус бағдарламасынның лицензия уақыты мамыр айының 23-де аяқталып, бір жылға жаңартылып созылды.

Кітапхананың сайты **Joomla** бағдарламасынан **WordPress** бағдарламасына ауыстырылып, жаңа толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп жасалды. 2019 жыл – Жастар жылы болғандықтан кітапхананың сайтына жаңадан “**Jastar jyly Qazaqstan 2019**” баннері қосылды. Кітапхананың сайтына болып жатқан жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар уақытында қойылып отырды. Сайтқа **134** жаңалық, **10** анонс қойылды. (www.odabai.kz).

«ИРБИС 64» автоматтандырылған жүйесін басқару. Клиенттердің логині мен парольдерін өзгертілді. Кітапханашылардың қандай базамен жұмыс істейтінін көрсетіп, істемейтін базаларға шектеу қойылды. «Мақалалар» деректер қорын өлкетану бойынша мақаланы байланыстырды. «ИРБИС 64» клиенттердің логині мен парольдерін өзгертіліп, кітапханашылардың қандай базамен жұмыс істейтіні көрсетіліп, істемейтін базаларға шектеу қою автоматтандырылған жүйесімен жұмыстар жүргізілді. Қараша айының аяғында ИРБИС 64 бағдарламасы жаңартылды. Әлеуметтік желіде жұмыс жасалды.


Инстаграм, Вконтакте, Facebook желілерінде кітапханада өтіп жатқан іс-шаралар туралы мәліметтер, болып жатқан жаңалықтар, өтетін іс-шаралар туралы анонстар, жаңа кітаптарға бір минуттық роликтер жасалынып қойылып отырды.

- әлеуметтік желілерінде VK-279, Facebook-283, Instagram 289 жарияланды.
- Youtube –те 20 бейнеоролик жүктелді .
- Пайдаланушы- достар санын көбейтілді.
- Басқа қалалармен онлайн қосылымды техникалық қолдау көрсетілді.
- Сайтқа күнделікті, ай сайын, жыл сайын кірген пайдаланушылардың есебі жүргізілді.

Сайттың белсенділігін есептеу үшін «Яндекс. Метрика» есептегіш орнатылған. 2019 жылғы статистика:

- *Сайтты қарап - көру - 76154*
- *Сайтқа кіру - 31951*
- *Келулер – 22512*
- Пайдаланушыларды тіркеу – 1904*

Әлеуметтік желілер бойынша:



Жыл басында кітапхананың сайтында өзгерту мен толықтырулар болды. Ағымдағы жылғы 15 ақпанда Астана қаласында республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында 2019 жылғы кітаптар таңдалды, олар екі автордың шығармалары: Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» мен Әбділда Тажібаевтың поэзиясы. Жыл басынан бері кітапхананың веб-сайтында «Бір ел, бір кітап» бөлімінде мемлекеттік және орыс тілдерінде 2019 жылы таңдалған Жарнамалық кітаптар: жазушылардың өмірбаяны және электронды кітаптарға сілтемелермен жұмыс туралы ақпарат орналастырылды. Сондай-ақ, Абай атындағы балалар кітапханасының қорындағы кітаптар бар.

Жыл ішінде сайтқа арналған келесі материалдар дайындалды:

«Жазушы - мерейгер» 17 жазушының өмірбаяны айдары ;

«Кітап мерейтойын атап өтеді» 12 кітап кітаптар мерейгерлер айдары бойынша ақпарат.

Сайттағы ең көп қаралған парақшалар:

Мерзімді басылымдар -1671 http://odbabai.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=288:2014-06-04-05-44-35&catid=2:2011-06-19-13-14-30&Itemid=79&lang=ru

Қолтаңба-1389 http://odbabai.kz/index.php?option=com_jalendar&view=articles&year=2017&month=10&day=24

Жазушы-мерейгер-1123 http://odbabai.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1154&Itemid=43&lang=ru

	Компьютер барлығы		ноутбук	сервер	принтер		сканер	ксерокс	КФК	факс	проект	Бук-р
	2018	2019			лазерлік	түрлі-түс лазерлік						
ОБК	32	32	2	1	6	1	4	1	1	1	1	2

Компьютерлер саны 32,оның ішінде 31 компьютер интернетке қосылған.

Х. КІТАПХАНАНЫ БАСҚАРУ. ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

2019 жылғы есепті кезеңде басшы тарапынан кітапхана бөлімдерінің басшыларымен апта сайынғы жиындар өткізілді. Кітапхана бөлімдерінің жұмыс жоспарларының орындалуына мониторинг жүргізіліп, түзетілулер мен толықтырулар енгізілді. Есепті кезеңде кітапхана қызметкерлері екі айлық облыстық қаланы абаттандыру және көгалдандыру аясында жарияланған мекеменің және көршілес аумақты тазалайтын «таза бейсенбі күндері» және қалалық, облыстық сеңбіліктерге қатысты.

Кадрлармен жұмыс. Персоналдың моральді және материалды уәждемесі

01.01.2020 ж. кітапхана штаты 41 бірлікті құрайды. 01.01.2020 ж. барлығы 41 адам жұмыс істеді, оның ішінде кітапханалық қызметкерлер – 23.

Білімі бойынша кітапхан қызметкерлерінің құрамы

барлығы	оның ішінде кітапханашыла р	Білімі бойынша кітапханашылардың құрамы			
		жоғары		арнайы орта	
		кітапханалық	басқа	кітапханалық	басқа
41	23	6	13	3	1

Кітапхананың төрт жас қызметкері кітапхана ісі мамандығы бойынша жоғары оқу орындарында сырттай оқиды. И.Тиыштық, С.Мусина - Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі» факультетінде, И.Черникова Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының «Кітапханалық-ақпараттық қызмет» факультетінде.

Осы жас мамандардың ішінде Ж.Ыбырайм, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі» факультетін бітіріп диплом алды.

«2019 Жастар жылы» аясында жастардың «Open minded» дүниетанымын, инновацияларға бейімділігін, жаңа білім мен технологияларға ұмтылысын дамыту мақсатында 19-20 қаңтарда Теміртау қаласындағы «Космонавт» демалыс базасында Қарағанды облысы жастары үшін «KELESHEK - 2019» жастардың кәсіподағы лагері ұйымдастырылды. Біздің кітапханадан бұл шараға Н.Мұқашева мен Ж. Зейнел қатысты.



Лагерьдің жұмысы барысында өзекті тақырыптар бойынша түрлі семинарлар, тренингтер, коучингтер, тимбилдинг өткізілді. Жастар өздерін таныстыру, шешендік өнер шеберлігі, бұқаралық іс-шараларды дайындау, бос уақытты ұйымдастыру технологияларына үйренді және жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалармен танысты.

Қазақстан Республикасы Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігі 2019 жылдың 18 - 22 қарашасында Нұр-Сұлтан қаласында және Ақмола облысында «Рухани Жаңғыру»



бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру аясында «Қазақтану» жобасының «Өз еліңді таны» - «Познай свою страну» атты республикалық жастар экспедициясын өткізді. «Өз еліңді таны»-«Познай свою страну» экспедициясы –



бұл жастар арасында елдің мәдени мұрасы мен тарихына деген тұрақты қызығушылығын

дамытуға және қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені. Экспедицияға ЭМБ жастар қанатының мүшелері, «Жаңғыру жолы» РЖҚ мүшелері, моноқалалардың жастары, ауыл жастары, колледж студенттері, студенттер, тарихшылар, археологтар, экологтар және БАҚ өкілдері қатысты. Біздің кітапханадан орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ж.Ыбраим қатысты.

Латын қарпіндегі қазақ тілін үйрену мақсатында кітапхана қызметкерлерімен «**Латынша жазып дағдыланамыз**» атты тренинг өткізілді.

Арнайы қонақ ретінде қатысқан Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығынан оқыту және әдістемелік жұмыс бөлімінің әдіскері Ж.Мұхаметжанова «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленгені туралы түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, латын негізді әліпби бойынша қазақ тіліне тән дыбыстардың мәнін білдіретін әріптердің үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді.

Жастар жылы аясында «**Бір кітаптың дефилесі**» атты жас кітапханашылар арасында байқау өткізілді. Жас қызметкерлер А.К.Дойлдың «Записки о Шерлоке Холмсе», Э.Л.Войничтің «Овод», Д.Ф.Купердің «Последний из могикан», Д.Макдональдтің «Золотой ключ», Х.Муракамидің «Все божьи дети могут танцевать», Э.Хемингуэя «Старик и море», Ф.Бёрнеттің «Таинственный сад» шығармаларының таныстырылымын жасады.

Шығармашылық сайыс екі кезең бойынша «Бір кітаптың подиумы», «Бір кітаптың афишасы» өтті. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша 1 орын – Мадина Кабдуллина, орта және жоғарғы сынып бөлімнің кітапханашысы; 2 орын – Ұлжан Жамауова, библиограф; 3 орын – Малика Боранбаева, мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы иеленді.

Кітапхана қызметкерлеріне Қарағанды қаласының халыққа қызмет көрсету жөніндегі №5 бөлімінің мамандары Б. Абланова, А.Жакупова егов электрондық үкімет порталының m.Gov мобильді нұсқасын және Telegram арқылы орнатылған EgovKzBot2.0 мобильдік қосымшасы арқылы электронды үкімет сервистерін пайдалану алгоритмін түсіндірді.

Мамандар кітапхана қызметкерлерімен тәжірибелік сабақ өткізді. Әрбір кітапханашы ұялы телефонына m.Gov мобильді қосымшасын орнатып жылжымайтын мүліктің бар-жоғы, сотталмағандығы және т. б. қызметтерді электронды сервисі арқылы алып жаттықты. Кітапхана қызметкерлеріне ағымдағы жылдың 1 қарашасынан бастап мекенжай анықтамасының алынып тасталғаны, үшінші тараптан қызметтерді m.Gov қосымшасынан мекенжайы бойынша тұрғылықты растайтын электрондық қызметтерді алуы туралы хабарлады.

Көтермелеулер: Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасысы базасында 26 сәуірде және Қарағанды республикамыздың облыстық филиалы төрағаларының қатысуымен ҚР мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіби

одағының атқарушы комитетінің отырысы өтті. Қонақтарды кітапхана тарихымен таныстырып, кітапхана залдарына экскурсия жасалды. Қарағанды облыстық филиалының есеп беру-сайлау конференциясында кітапхана басшысы Б.Уатаева бірлескен ынтымақтастық туралы баяндама жасады, осы жерде мәдениет, спорт



және туризм қызметкерлерінің өзекті мәселелерін шешуде кәсіподақтар қызметінің туралы мәселелер көтерілді. 2018 жылғы үздік бастауыш кәсіподақ ұйымы ретінде біздің кітапхана ұжымына Құрмет грамотасы тапсырылды.

2019 жылғы мәдениет саласы кәсіпорындары арасындағы ең үздік бастауыш кәсіподақ ұйымдары арасындағы Республикалық байқаудың қорытындысы бойынша Абай атындағы кітапхана 2 орынға ие болды.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мерекелеу аясында 21 мамырда Қарағанды облысының әкімі мен мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының сыйлығын табыс ету салтанатты рәсімі өткізілді. Кәсібилігі мен қоғамда танылғаны мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімнің басшысы Елена Кучаеваға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі табыс етілді.



Қарағанды облысының кәсіподақ қозғалысы жетекшілерінің жиналысында бастауыш ұйымның төрайымы М. Подгайноваға облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және кәсіподақ қозғалысының дамуына қосқан жеке еңбегі үшін Қарағанды облысының әкімі Е.Кошановтың алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ инновациялық әдістемелік бөлімінің кітапханашысы И.Тиыштық Қазақстан

Республикасы кәсіподақ Федерациясының төрағасы Е. Тоғжановтың алғыс хатымен марапатталды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мәдениет және архив қызметкерлерінің салтанатты жиналысында, кітапханамыздың бірнеше қызметкерлері марапаттарға ие болды. Олар Жусупова Сәуле Жаманбайқызы облыс әкімінің алғыс хатымен, Туткабекова Сағираш Алиқызы Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасымен, Тезекбаева Гүлден Сүлейменқызы мәдениет басқармасының алғыс хатымен марапатталды.



Кітапханалық форумдар мен семинарларға қатысу. Біліктілігін арттыру

2019 жылдың 21 маусым күні ҚР Ұлттық кітапханада өткізілген кітапхана басшыларының жыл сайынғы кездесуіне кітапхана басшысы Б.Уатаева қатысты.

2019 жылдың 9-10 қазан күндері Л.Н. Толстой атындағы Қостанай ОӘФК Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясында «**Ұлы даланың жеті қыры**»: қазақстандық қоғамның рухани дамуындағы кітапханалардың рөлі» атты



халқаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Халқаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясыға кітапхана басшысы Б.Уатаева қатысты.

2019 жылы 29-30 қараша күндері Қазақстан Республикасының ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастыруымен «**Әбіш әлемі**» оқу конгресіне кітапханамыздың жас кітапханашылары И. Тиыштық пен Н. Жәкен қатысты.



ИӘБ библиограф Ұ.Жамауова Н.В.Гоголь атындағы ОӘФК ұйымдастырған «Кітапханалардың өлкетану қызметінің өзекті бағыттары» облыстық семинарына қатысты. Семинарға қатысушылар барысында Қарағанды қаласы мен облыс кітапханаларының өлкетану іс-әрекетінде тәжірибе алмасып, көпшілік кітапханалардың тарихи-өлкетану музейлерімен, архивтерінің, мектеп кітапханаларымен өлкетану бойынша өзара іс-қимылы көрсетілді.

Іс-тәжірибе алмасу үшін кітапхана қызметкерлері 24-26 қазан күндері Шымкент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық балалар кітапханасына және 11-13 қараша күндері Петропавл қаласындағы Ғ. Мүсірепов атындағы облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасына іс сапармен барды.

10 - 20 қазан аралығында инновациялық әдістемелік бөлімнің қызметкерлері «Книжка от автора в подарок» атты онлайн-жарнамалық акцияға қатысып. Новосибирск қаласынан тұратын ресейлік жазушы Марина Викторовна Царева екі кітабына қолтаңба қойып сыйлыққа біздің кітапханаға жіберді.



Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана «Әлем алақанда» атты балаларға арналған ең үздік тактильді кітапқа арналған ашық шығармашылық байқауын жариялаған. Байқауға кітапхана қызметкерлері белсенді қатысып төрт тактильді кітап ұсынылды. Олар: «Кім қайда тұрады? Кто где живет?», «Мы делили апельсин», «О братьях наших меньших», «Жыл басына таласқан жануарлар». Байқау қортындысы бойынша барлық қатысқан қызметкерлер Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

«Профессионал» кітапхана қызметкерлерінің әдістемелік оқуы

Есепті кезеңде кітапхана қызметкерлері үшін жоспарлы 5 сабақ өткізілді:

	Жұмыс мазмұны
1.	«ӘОЖ (Әмбебап ондық жіктеу) – балалар кітапханасындағы индекстеудің негізгі ережелері» кеңесі, қаңтар, О. М.Мусина
2.	«Заманауи кітапханашы: кәсіби мерзімді басылымдарды оқудың талдауы» кеңесі, қаңтар, С.Ж.Жусупова
3.	«Виртуалды ортада кітап пен оқуды насихаттау» кеңесі, ақпан, С. Ж.Жусупова
4.	«Жас ерекшеліктерін ескере отырып, пайдаланушыларды оқуға қызықтыратын кітаптардың ұсынымдық тізімдерін жасау» .практикумы, наурыз, Е.О.Кучаева
5.	Кәсіби мерзімді басылымдардың шолуы, И.Е.Тиыштық

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кітапхананың тұрақты серіктестері қатарында қала мектептері бар. 28 қараша күні № 2 «Білім-инновация» лицей-интернатының әкімшілігі кітапхана қызметкерлерін «Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атты әдеби-кешке шақырды.

Мектептің мәжіліс залында 7-9 сынып оқушылары жиналды, оларға кітапханашылар Қарағанды облысының тумасы, қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы ақпараттық материалдармен бөлісті.



Сонай-ақ балалар ақиық ақынның «Ақсақ киік», «Ақудың айырылуы», «Көкшетау» балладалары, «Бандыны қуған Хамит», «Айша» сияқты повестері, «Тар жол, тайғақ кешу»

романымен танысты. Шара соңында мектеп тарапынан кітапхана әкімшілігін алғыс хатпен марапаттады.

Төтенше жағдайларды жою



Кітапханада «Өрт сөндіру техникасы мен алғашқы өрт сөндіруде қойылатын талаптар» тақырыбында Қарағанды қаласының Төтенше жағдайлар басқармасының инженері Д.Ускенов кітапхана қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігі шараларын орындау, өртке қарсы ережелерді түсіндіру үшін дәріс оқыды.

Іс-шараның мақсаты мамандардың өрт қауіпсіздігі жайлы түсініктерін кеңейтіп, тұрмыстық техникалық заттар қауіпсіздік ережелерін білуге өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру болып табылады. Шара соңында «Қарағанды облысының төтенше жағдайлар депатаменті» КММ дайындаған өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтануға арналған парақтар таратылды.



XI. Материалдық-техникалық база

Есепті кезеңде кітапханаға қаржыландыру жоспарына сәйкес кітапханға кеңсе тауарлары және шаруашылыққа қажетті тауарлар алынды. Сонымен қатар 193648 теңгеге «Киіз үй» этноконструкторы және 133320 теңге сомасына металл сөрелер, «Үздіксіз қуат көзі» (ИБП), елтаңба, штрихкод сканері, принтер, телескоп, микроскоп алынды. Кітапханаға оқырман балалардың қауіпсіздігі үшін және терроризмге қарсы іс-қимыл аясында қауіпсіздікті сақтау үшін бейнебақылау орнатылды. Оның 10 данасы кітапхананың ішкі жағына, 3 данасы сыртқа қойылды. Көрмейтін және нашар көретін оқымандарға арналып 172450 теңге сомасына еденге 125 дана тактильді плитка төселді.

Сондай-ақ кітапхана сыртқы қасбетіне 899980 теңге сомасына жөндеу жұмысы жүргізілді.

ПРОБЛЕМАЛАР:

1. 2020 жылы кітапхана қорын толықтыруға қаржы бөлінген жоқ;
2. Басылымдарды сандық форматқа көшіру жөніндегі «Сандық Қазақстан» бағдарламысын орындау үшін кәсіби сканер жоқ;
3. Компьютер паркін жаңарту;
4. Компьютерлерге лицензиялық бағдарламалар орнату.

2020 ЖЫЛҒА МІНДЕТТЕР:

1. Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы қызметінің бағыты мен міндеттеріне сәйкес жұмыс жалғастыру.
 - Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету; жас оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыру;
 - оқырмандардың Қазақстан әдебиеті, тарихына, мәдениетіне қызығушылығын баулу;
 - құқықтық білім негіздерін, оқырмандардың экологиялық сауатын насихаттау;
 - жаңа ақпараттық технологияларды жұмыс барысында қолдану;
2. «Жетістік формуласы» бенефис-шоуы жобасы бойынша жұмысты жалғастыру.
3. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 ҚР Заңына сай мүгедектерге жағдай жасау
4. Кітап қорын 60% ЭК көшіру
5. ЭК ғаламтор желісіне орнатудың алдын-алу жұмыстарын жүргізу
6. ИРБИС бағдарламасының жүйелі жұмысын біріздендіру
7. Кітап қорын штрих-кодтау жұмысын бастау
8. 2020 жылы кітап қорының 25% штрих-кодтау
9. «Электронды кітап берілімін» жүзеге асыру

Басшы

Б. Уатаева